



2



8



10

Almaty
AQSHAMY



ІСКЕРЛІК ПЕН ДИАЛОГ АЛАҢЫ

Елордада халықаралық «Иннопром. Қазақстан» өнеркәсіп көрмесі ашылды



Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Ресей, Беларусь және Қырғызстан үкіметтерінің басшыларына ілтипат білдіре отырып, қазақ жерінде тұңғыш рет өткізіліп жатқан халықаралық «Иннопром. Қазақстан» өнеркәсіп көрмесіне қолдау көрсеткені үшін оларға ризашылық білдірді.

2

Таулы Қарабақ:

КАВКАЗДАҒЫ СЯЯСИ ДАҒДАРЫС

БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесі шұғыл отырыс өткізді

19 қыркүйекте Әзербайжан Таулы Қарабақта «антитеррористік операция» бастады. Ол туралы Әзербайжан Қорғаныс министрлігі мәлімдеген болатын. Мәлімдемеде Таулы Қарабақта «конституциялық құрылысты» қалпына келтіреміз делінген. Көп ұзамай Кавказ аймағындағы саяси дағдарысқа байланысты БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесі шұғыл отырыс өткізді. Отырыс Армения тарапының жазбаша өтініші бойынша 21 қыркүйекте өтті. Армян билігі Қауіпсіздік Кеңесінің трақты мүшесі Франция арқылы отырыс өткізуді ұсынған еді. Алайда, бұдан олар күткендей нәтиже шыққан жоқ. Себебі, халықаралық құқық пен әділдік Әзербайжан тарапында еді.

ҚАУІПСІЗДІК КЕҢЕСІНЕ КІМДЕР ЖИНАЛДЫ?

21 қыркүйекте БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің 9422-отырысы өтті. Басты тақырып – Таулы Қарабақ. Ресми отырысты өткізейік деп бастама көтерген Франция. Армения БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесіндегі



Францияның АҚШ, Ұлыбритания, Ресей және Қытай секілді Қауіпсіздік Кеңесінің тұрақты мүшесі екені белгілі. Себебі, бұл мемлекеттер атом қаруына заңды иелік етуші, Екінші дүниежүзілік соғыста жеңімпаз болып саналады, әрі жеңімпаз ұлы державалар ретінде БҰҰ-ның құрылуына негіз болды.

3

**Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)**

26.09.2023

Түнде:



Күндіз:



27.09.2023

Түнде:



Күндіз:



www.almaty-akshamy.kz





● ПРЕЗИДЕНТ

ІСКЕРЛІК ПЕН ДИАЛОГ АЛАҢЫ

Елордада халықаралық «Иннопром. Қазақстан» өнеркәсіп көрмесі ашылды

(Басы 1-бетте)

— Сіздердің арнайы келгендеріңіз көрменің мәртебесін арттырғаны сөзсіз және тығыз сауда-экономикалық қатынастарымызды тағы бір рет дәлелдеді. Бүгінде аталған іс-шара тұрақты іскерлік алаңға айналып келеді. Бұл — қуанышты жайт. Көрме аясында әлеуетті серіктестер мен инвесторлар елдеріміздің индустриялық секторының жетістіктерімен жақынырақ танысады, сондай-ақ өзара тиімді жобаларды іске асыру үшін жаңа

мүмкіндіктерге жол ашылады, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент атап өткендей, Қазақстан мен Ресей арасында сауда, инвестиция және өнеркәсіп салалары бойынша қарым-қатынас қарқынды жоғары екенін айтты. Ресей компаниялары Қазақстанға тұрақты түрде инвестиция салып отырған бес негізгі елдің қатарына кіреді. Бүгінде Ресеймен бірлесіп, жалпы сомасы 16,5 миллиард доллар болатын 40 ірі жоба жүзеге асырылуда.

Мемлекет басшысы Беларусьпен арадағы қарым-қатынас туралы айта

келе, ауыл шаруашылығы техникасын шығару және машина жасау салаларындағы тәжірибені оң бағалады. Бұл бағыттағы жобалардың жалпы құны — шамамен 180 миллион доллар.

Сонымен қатар, Қырғыз Республикасымен арадағы байланыстарымыздың тұрақты дамып келе жатқанына, өзара сауда-саттық қарқыны жоғары екеніне назар аударған Мемлекет басшысы: «Жеті айда екі ел арасындағы сауда-саттық көлемі былтырғы осы кезеңмен салыстырғанда, 13 пайызға өсті. Қазақ-қырғыз шекарасында Индустриялық сауда-логистикалық кешен салудың келешегі зор, — деді.

Қасым-Жомарт Тоқаев сауда-экономикалық кооперацияның тиімділігі көлік-транзит әлеуетін ашумен тікелей байланысты, сондықтан көлік қатынастарының мүмкіндіктерін дәйекті түрде дамыту керек деп санайды. Президент Иранға, Парсы шығанағына және Үндістанға шығуға мүмкіндік беретін Солтүстік — Оңтүстік транзит дәлізінің, Қазақстан — Түркіменстан — Иран теміржолының, Батыс Еуропа — Батыс Қытай бағытының мүмкіндіктері жөнінде айтты. Сонымен қатар, Транскаспий халықаралық көлік дәлізінің әлеуетіне баса мән берді. Ол Еуразиялық экономикалық одаққа мүше елдердің өнеркәсіп саласындағы ықпалдастығын дамыту маңызды екеніне тоқталды.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».
(Дереккөз: akorda.kz).



● ЖАҢАНДЫҚ ТРЕНД:

ЦИФРЛЫҚ ТРАНСФОРМАЦИЯ

ЕАЭО елдерінің кооперациясы үшін басым бағыт

ҚР Премьер-министрі Әлихан Смайылов 25–27 қыркүйек аралығында Астана қаласында өтіп жатқан «ИННОПРОМ. Қазақстан» халықаралық көрмесі аясында «Жаңа кезеңнің өнеркәсіптік стратегиялары» бас пленарлық сессиясында сөз сөйледі.

Іс-шараға Беларусь Премьер-министрі Роман Головченко, Қырғызстан Министрлер кабинетінің төрағасы — Президент Әкімшілігінің басшысы Ақылбек Жапаров және Ресейдің Үкімет басшысы Михаил Мишустин қатысты. Жалпы, бас пленарлық сессияға 700-ге жуық қатысушы жиналды, олардың арасында мемлекеттік сектордың жоғары лауазымды өкілдері, өңірлердің және өндіріс кәсіпорындарының басшылары, ЕАЭО елдерінің өнеркәсіп одақтары мен қауымдастықтарының мүшелері бар.

Әлихан Смайылов Қазақстанда жаңа технологиялық құрылымның қалыптасуы туралы айтып берді. Қазақстанның қуатты өнеркәсіптік негізін қалыптастырып, толыққанды экономиканы қамтамасыз ету жөніндегі жұмыс аясында Үкімет өңдеуші секторды жедел дамытуға баса назар аударатынын атап өтті. Оның айтуынша, соңғы 5 жылда өңдеу

өнеркәсібі өндірісінің көлемі 2,2 есе өскен. Тау-кен металлургия кешені отандық өңдеу өнеркәсібінің негізі болып отыр.

Өткен жылы \$19,3 млрд-қа өнім экспортталды, бұл — еліміздің барлық экспортының шамамен 23%-ы. Елімізде машина жасау саласы қарқынды дамып келе жатқанына маңыз берілді. Мәселен, 2022 жылы салаға рекордтық \$0,5 млрд тікелей инвестиция тартылған. Осы жылдың I тоқсанында тікелей инвестициялар көлемі \$208 млн-нан асқан. Автокөлік өндірісінде өткен жылы өндіріс көлемі 113 мың көлікті құрады. Осы жылдың 8 айында 41% өсіммен 100 мыңға жуық көлік жасап шығарылды. Құндық мәнде бұл 1 трлн теңгеден асады. Сондай-ақ, Қазақстанда құрылыс материалдары өндірісінің көрсеткіші алғаш рет триллиондық межеден асып отыр.

Үкімет басшысы тағы бір жаһандық тренд цифрлық трансформация екенін, оны ЕАЭО елдерінің кооперациясы үшін басым бағыт ретінде қарастыру қажеттігін айтты.

«Бүгінде Қазақстанда FinTech және GovTech сияқты бағыттарда ауқымды жобалар іске асырылды. Біз цифрлық шешімдердің күнделікті өмірге енуінің жоғары деңгейіне жеттік. Ендігі біздің міндетіміз — нақты секторда да осындай деңгейге жету. Мұнда қазірдің өзінде «Инновациялық технологиялар паркі» дербес кластерлік қоры, «Астана Хаб» IT-технопарк және жоғары оқу орындары жанындағы зерттеу орталықтары белсенді түрде жұмылдырылды», — деді Әлихан Смайылов.

● ҮКІМЕТТЕ НЕ ЖАҢАЛЫҚ?

ЖАҢА КЕЗЕҢ:

ӨНЕРКӘСІПТІК СТРАТЕГИЯЛАР

25 қыркүйекте Астанада «ИННОПРОМ. Қазақстан» халықаралық өнеркәсіп көрмесінің ашылуында Беларусь, Қазақстан, Қырғызстан және Ресей үкіметтерінің басшылары жетекші өнеркәсіп кәсіпорындарының өнімдерімен танысты.

Көрменің негізгі мақсаты — өндірістік кооперацияны дамыту, инвестиция тарту, сауда ынтымақтастығын кеңейту және өзара тәжірибе алмасу.

Аталған іс-шараны алғаш рет өткізіп отырған Қазақстан 2019 жылдан бері «Иннопромның» тұрақты қатысушысы болып келеді, ал өткен жылы көрменің серіктес елі ретінде өз өнімдерін ұсынды.

Қазақстандық «Иннопромның» тақырыбы — жаңа кезеңнің өнеркәсіптік стратегиялары. Елордадағы ЕХРО орталығының алаңында ұйымдастырылған көрмеге ЕАЭО елдерінен 300-ден астам кәсіпорын мен компания қатысуда. Келушілер назарына металлургия, машина жасау, химия және жеңіл өнеркәсіп, құрылыс индустриясы мен фармацевтика салаларындағы өнімдердің кең ассортименті ұсынылған. Айта кетейік, Қазақстан ЕАЭО серіктестерімен бірлесіп өнеркәсіп саласында 38 бірлескен жобаны жүзеге асырған.

ОРМАН ӨРТІН ЕРТЕ АНЫҚТАУ жүйесі іске қосылады

Премьер-министр Әлихан Смайыловтың төрағалығымен өткен Цифрландыруды енгізу мәселелері жөніндегі комиссия отырысында орман өрттеріне қарсы күрес жөніндегі жаңа шаралар қаралды.

Жиынға қатысушылар өрт ошақтарын дер кезінде анықтауға және уәкілетті органдарға ақпаратты шұғыл жеткізуге мүмкіндік беретін орман өрттерін ерте анықтау жүйесін іске қосу мәселесін талқылады. Оның шеңберінде мемлекеттік орман қорын, ұлттық саябақтарды, қорықтарды және ерекше қорғалатын аймақтарды тәулік бойы бейнемониторинг жүйесімен және тәуелсіз түтін датчиктері желісімен қамту жоспарланып отыр.

Бұл ретте шешім қабылдау орталығын өзекті ақпаратпен қамтамасыз ететін және өрттерді оқшаулау және жою бойынша іс-қимылдарды үйлестіруге көмектесетін ұшқышсыз ұшу аппараттарын пайдалану көзделді.

Сонымен қатар, ұшқышсыз ұшу аппараттарын қауіпсіз эвакуациялау жолдарын әзірлеу, сондай-ақ зардап шеккендерді іздеп табу және құтқару үшін пайдалану жоспарланған.

БАЛАБАҚШАҒА ЕСЕПКЕ АЛУ:

бірыңғай база құрылады

Үкіметте Мемлекет басшысының сайлауалды бағдарламасын іске асыру мақсатында мектепке дейінгі ұйымдар үшін есепке алудың бірыңғай базасын құру, балабақшаларға кезекке тұруды автоматтандыру мәселесі де талқыланды.

Оны пилоттық режимде осы жылдың қазан айында іске қосу жоспарланып отыр, ал 2024 жылдың қаңтарынан бастап бүкіл республика бойынша қолданылады. Премьер-министр балабақшаға кезекке қою және кезекті жылжыту үдерісін толық цифрландыру оның ашықтығын қамтамасыз етіп, сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға мүмкіндік беретінін атап өтті.

Сонымен қатар, отырыс барысында жасанды интел-

лект технологияларын дамыту, мемлекеттік қызметтерді проактивті форматқа көшіру, мемлекеттік аппараттың негізгі үдерістерін цифрландыру, бизнес субъектілерінің қызметін мемлекеттік бақылау және қадағалау жүйесін автоматтандыру мәселелері қаралды.

Бұл тексерулерді тағайындау кезінде адами факторды, сондай-ақ басқа да бірқатар мәселелерді болдырмауға мүмкіндік береді.

● ҚҰЛАҚТАНДЫРУ

ҮКІМЕТ ОТЫРЫСЫ ӨТЕДІ

Бүгін, 26 қыркүйекте, сағат 10.00-де Үкімет үйінде Үкімет отырысы өтеді.

Күн тәртібінде: алғашқы медициналық-санитарлық көмектің қолжетімділігін арттыру; стихиялық қызықтарды жою. Отырыстың тікелей таратылымын PrimeMinister.kz сайтынан, Mail.kz, Aitube.kz порталдарынан, YouTube ресми арнасынан, Facebook, Twitter әлеуметтік желілерінен, сондай-ақ UKIMET Telegram-каналынан көре аласыздар.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».
(Дереккөздер: Primeminister.kz; ortcom.kz).

● BOOKFUND ЖҮЙЕСІ

«БАЛАЛАР ӘДЕБИЕТІ» БАҒДАРЛАМАСЫ

аясында интерактивті каталог әзірленді

Мемлекет басшысының «Балалар әдебиеті» бағдарламасын жасау және жүзеге асыру туралы тапсырмасы аясында ҚР Оқу-ағарту министрлігінің Республикалық ғылыми-педагогикалық кітапханасы балаларға арналған көркем әдебиеттің интерактивті каталогын әзірледі.



«Еліміздің білім беру ұйымдары үшін Bookfund жүйесі құрылды. Бұл қазақ әдебиетінің түрлі кезеңдері мен жанрларын қамтитын цифрлық форматтағы кітаптардың арнайы тізімі. Қазір бекітілген көркем әдебиет тізімі бойынша интерактивті каталогтарды енгізу жұмыстары жүргізілуде. Одан кейін пайдаланушылар өз аккаунты бойынша жүйеге тіркеліп, толық каталогпен таныса алады», — деп атап өтті Республикалық ғылыми-педагогикалық кітапханасының директоры Әлия Сайдмбаева.



САРАПТАМА

Таулы Қарабақ:

КАВКАЗДАҒЫ САЯСИ ДАҒДАРЫС

БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесі шұғыл отырыс өткізді

(Басы 1-бетте)

Ал Қауіпсіздік Кеңесінің төрағасы кім? Ережеге сәйкес әр мүше ел бір ай бойы төрағалық етеді. Оның шешім қабылдауда еш құзыреті жоқ, яғни формальды қызмет. Қыркүйек айында Албания кеңестің тұрақты емес мүшесі ретінде төрағалық етеді. Тамыз айында АҚШ тұрақты мүше ретінде төрағалық етсе, қазанда Бразилия бұл қызметті атқарады.

21 қыркүйекте өткен отырысқа 5 тұрақты мүше ел мен тұрақты емес Жапония, Мальта, Мозамбик, Швейцария, БАЭ, Албания, Бразилия, Эквадор, Габон, Гана мемлекеттерінің БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесіндегі өкілдері қатысты. Отырысқа сонымен қатар, Түркия және ЕО-тың өкілдері қатысты.

Сөз сөйлегендердің ішінде Франция, Ұлыбритания, Қытай, Бразилия, Эквадор, Албания, Ресей, Түркия және ЕО өкілдері бар. Отырыстың басты себебі – Таулы Қарабақтағы Әзербайжан қарулы күштерінің ұйымдастырған «анти террористік операция».

АРМЕНИЯНЫҢ ҚАЛАУЫ ІСКЕ АСПАДЫ

Армения билігінің Таулы Қарабақтағы дауды өз пайдасына шешу мақсатында Қауіпсіздік Кеңесін пайдалануы сәтсіз аяқ-

талды. Отырыста сөйлеген түрлі мемлекеттің өкілдері өз баяндамасында Әзербайжанның әрекетін сынады. Алайда, қорытынды резолюция түгілі, ортақ мәлімдеме де жасалған жоқ. Яғни отырыс формальды өтті. Құқықтық бекітілген құжат қабылданбады. Кеңестегі негізгі құжат Резолюцияны ешқандай тұрақты мүше ел ұсынған жоқ. Демек, отырысты ұйымдастыруға себепші болған Францияның өзі дипломатиялық құрмет ретінде ғана Армения тарапының өтінішін жерге тастаған жоқ. Өзге мемлекеттер де даулы мәселеде нейтралитетті ұстанды.

Кеңесте сөйлеген мемлекеттердің өкілдерінің 3 түрлі мәселеде ойлары бірдей болды. Жоғарыда атап өткен әскери операцияны айыптау, ал екіншісі Лашын дәлізін ашу туралы. Қатысушылардың барлығы Армения мен Әзербайжанның аумақтық тұтастығын мойындап, Таулы Қарабақ тұрғындарының құқығын қорғауға келісті. Сондай-ақ, дауға қатысушы Армения мен Әзербайжанның өкілдері 21 қыркүйекте кездесетіні туралы келісімге келген.

Арменияның Сыртқы істер министрі Арарат Мирзоян Әзербайжанның басты мақсаты – Қарабақта этникалық тазалау жүргізу деп мәлімдеді. Оның сөзінше, Қауіпсіздік Кеңесі даулы мәселеде қол қусырып отырған. Сонымен қатар, Таулы Қарабақта Армения әскерлерінің жоқ екенін айтқан.

Оның сөздерімен Әзербайжанның Сырт-

қы істер министрі Жейхун Байрамов келіспеген. Оның айтуынша, 2020 жылы болған 44 күндік соғыстан кейінгі «оқ атуды тоқтату» туралы келісімде Армения әскері Таулы Қарабақтан кетуі керек болған. Алайда, ол іске асқан жоқ.

ЕО-тың сыртқы істер және қауіпсіздік саясаты бойынша Жоғарғы өкілі Жозеф Барель Әзербайжанды Лашын дәлізін ашуға және қарабақ армяндарының құқығын қорғауға шақырған болатын. Айта кететін жайт, Жозеф Барель бастаған ЕО осы уақытқа дейін де екі тарапты бітімге келтіруге тырысқан. Бітімгерлік істе ЕО Мәскеу мен Анкарамен нық тіресе әрекет етуде.

Ресейдің өкілі отырысқа қатысқаны түсінікті, ал Түркияның оған қатысуына қатысты сұрақ туындауы мүмкін. Басты себеп – 2020-2021 жылдары болған әскери қақтығыс. Сол оқиғадан кейін Таулы Қарабақта ресей-түрік бірлескен мониторингтің орталығы құрылған болатын. Орталықтың басты мақсаты оқ атуды тоқтату туралы келісімнің орындалуын бақылау. Яғни келісімнің шарттары бұзылса, оларды тіркеу. Ресей тарапы бір жағынан ресейлік бітімгерлік күштер окқа ұшқанын, екінші жағынан саяси мәселеде Арменияның Таулы Қарабақты Әзербайжанның аумағы екенін мойындағанын еске салды. Түркия өкілі де Әзербайжанды қолдап, олардың «анти террористік операцияны» жүзеге асыруға мәжбүр болғанын мәлімдеді.

Себебі, Армения тарапы келісімді орындамаған.

ТАРИХИ ӘДІЛДІК ОРНАДЫ

Жалпы, Таулы Қарабақ бірнеше ғасырға созылған даулы мәселе. Әсіресе, Кеңес Үкіметі ыдыраған тұста қайта өршіді. Оған Кеңестік кезеңдегі екі ел аумағын бөлу кезінде жіберген қателік себеп болған. Тарихи тұрғыдан Әзербайжан жерінде армян этносының демографиялық өсіміне байланысты дау туындаған. Бұл жерде БҰҰ-ның екі қағидасы арасындағы қайшылық болды. Бірі – халықтардың өзін-өзі айқындауы, екіншісі – мемлекеттің аумақтық тұтастығы. Таулы Қарабақта армян этносы көп болғандықтан, Армения бірінші қағиданы негізге алып әрекет еткен. Ал Әзербайжан аумақтық тұтастықты қолдады. Нәтижеде екінші қағида басым түсті. Қазақстан да сыртқы және ішкі саясатта аумақтық тұтастық пен бөлінбеушілік қағидасын ұстанады. Осы дауға қарап ұстанымымыздың дұрыс екеніне көзіміз жетеді.

Пердехан
ШӘМШИЕВ,
сарапшы.



БАЙЫПТАМА

ШЫНАЙЫ БАУЫРЛАСТЫҚ КӨЗҚАРАС

аймақшылдықты қалыптастыру үшін аса маңызды

Әлемдегі ірі күш орталықтары Орталық Азияға ықпал ету бәсекесіне түсті. Бұны өткен аптадағы Нью-Йорктегі саммит растағандай болды. Құрама Штаттардың Қазақстанды қамтыған аймаққа жіті назар аударуы оның негізгі бәсекелестері жағынан ескеруіс қалмайды. Демек, соның өзі аймақтағы геосаяси жүрістердің тебіні жаңа деңгейге шығады дегенді білдіреді. Бұндай тұста аймақтың ішкі тұтастығы, ауызбіршілігі, бір сөзбен айтқанда, ішкі интеграциясы аса маңызды. Байқап отырғанымыздай, ірі күштер Орта Азияны бір ортақ геосаяси аймақ ретінде қарастырып отыр. Бұл бір жағынан аймақ елдері үшін жағымды ықпал береді. Ішкі интеграцияның дамуына да өз септігін тигізеді. Барлық ішкі-сыртқы жағдайлар аймақ үшін интеграцияны дамытуды міндеттегенімен, оның өзіндік кедергілері де жоқ емес.

БҰРАЛАҢ ЖОЛДАР МЕН ТАР СОҚПАҚТАР

Орта Азия елдерінің аймақшылдыққа ұмтылысы ерте басталғанымен тосқауыл болған сыртқы кедергілері де көп болды. Кеңес Одағы ыдырғаннан кейін аймақтағы тамырлас әрі бауырлас елдер интеграцияны дамытуды көздеді. Өйтетіні, көршілес жақын жатқан елдердің ортақ тағдыры, ортақ мәселелері бар еді. Қазірге дейін аймақ интеграциясының барысын 4 кезеңге бөліп қарастыруға болады. Оның алғашқысы ретінде 1991–2005 жылдар арасын көрсете аламыз. Бұл кезеңде әр ел өзінің жаңа мемлекеттілігі турғысынан аймақтың ортақ дамуына жол ашатын алғашқы адымдағы оңды істерді бастады. Анығында, Орта Азия дәл осы кезден бастап дербес геосаяси аймақ ретінде атала бастады. Ынтымақтастық ұйымының пайда болуы да осы алғашқы қадамдардың жемісті нәтижесі болып қалды.

Алайда, дұрыс әрі тиімді бағытта өсіп келе жатқан интеграция 2005 жылдан кейінгі екінші кезеңде кері кетті. Себебі, бұл кезде аймаққа дәстүрлі ықпал етуші Мәскеу саясаты аймаққа белгілі деңгейде тиімсіз күйде өрбіді. Айталық, Орта Азияның ынтымақтастық ұйымы Еуразиялық экономикалық одаққа қарай бірікті де, аймақ елдері ортақ бағыттан айырылды. Бұл үрдісті 2017 жылға дейін жалғасты деуге болады. Бұ-

ған қоса, сол кезеңдегі Қазақстан мен Өзбекстан басшыларының көзге көрінбейтін бәсекесі ішкі фактор ретінде аймақшылдыққа кері ықпал етті деген көзқарастар да бар. Қалай деген күнде де аймақшылдық идеясы осы тұста бұралаң жолдар мен тар соқпақтардан жүріп өткендей болды.

Өзбекстандағы екінші буын биліктің көршілес елдерге қаратқан оңды саясаты үшінші кезеңде интеграцияның алға жылжуына өзіндік ықпал етті. Осымен бір уақытта Қазақстан мен Өзбекстанның бастамасымен аймақ елдері басшыларының консультативтік кездесулер сериясы басталды. Қазірге дейін бес мәрте өтіп, келер жылдан бастап екінші кезеңіне аяқ басқан осы кездесу форматы түптеп келгенде аймақтың үмітін оятты. Жалпы жағынан бағалайтын болсақ, бұл кезең аса қысқа уақытта өтсе де, аймақ елдерінің ортақ мәселелерге жұмылуына өзіндік септігі тиді. Ал Украина жағдайынан кейін Орта Азия интеграциясы жаңа қарқын алды. Бұл белгілі деңгейде аймақтағы бес елдің де ұлттық мүддесіне сай әрі қажетті шартта өрбиде. Сыртқы ойыншылардың аймақтағы белсенділігі қарқын алған тұста, аймақтық ұжымдасу да соған ілесе дами түскені байқалады. Сондықтан да соңғы екі жылды аймақтық интеграцияның жаңа әрі қарқынды кезеңі деп қарастыруға болады.

ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ АЙМАҚ ЕЛДЕРІН ЖАҚЫНДАТАДЫ

Соңғы жылдары аймақтағы елдер ішкі экономикалық ынтымақтастықты дамытуға баса назар аударып келеді. Шын мәнінде де аймақ елдері үшін қазір экономикалық байланыстарды жетекші ету аса маңызды. Себебі, аймақ елдері арасындағы қарым-қатынастардың саясилануын өзіне қауіп санайтын тараптар бар. Тығыз экономикалық қарым-қатынастың болуы осы аймақты көздеген инвестицияларға да шабыт беретіні анық. Айталық, Өзбекстан мен Қытайдың Еуропаға, Ресейдің Үндістан мен Оңтүстік Азияға қарай нарық іздеп ұмтылуы осы аймақты кесіп өтетін инвестиция ағынын қалыптастыруда. Ішкі экономикалық байланыстардың деңгейін дамыту осы инвестицияларды, зор экономикалық мүмкіндіктерді игеріп қалуға, әрі аймақтың сыртқы ықпалын өсіруге тиімді шарт жасайды.

Көбінесе, сарапшылар Орта Азиядағы интеграцияны және байланысты тереңдетуге бағытталған бастамаларды Өзбекстанға телиді. Иә, соңғы жылдардағы Ташкенттің бұл жағындағы бастамалары аймақ үшін тиімді әсер етуде. Бірақ осы бастамалардың көбі дерлік ерте-ректе Қазақстан тарапынан ұсынылған еді. Алайда, ол уақыттағы

аймақ елдерінің шарт-жағдайы мен сыртқы жағдай бұл жобаларды жүзеге асыруға мүмкіндік берген жоқ.

БАУЫРЛАСУ БЕКЕМДЕЛМЕЙ, БӘРІ БЕКЕР

Мойындауға тура келеді, аймақтық интеграцияны дамыту деген тек саяси ортада, ірі бизнес орталарында ғана сөз болуда. Ал турасында тарихи тамыры ортақ, іргелес елдер арасында аймақшылдықты қалыптастыру тек экономикалық байланыстармен жүзеге аспайды. Егер мәдени-гуманитарлық бастамалар арқылы бауырластықты бекемдемесек, қандай да бір игі бастама жүзеге асуы екіталай. Біз осы алып аймақтағы халықтардың ұзақ уақыттан бері сыртқы идеологиялардың әсерінде бір-біріне деген түсінігі алшақтап, туыстығы салқындап қалғанын ескеруге тиіспіз. Қазақтың өзбекке, өзбектің қазаққа, тәжіктің қырғызға, түркіменнің тәжікке деген тура түсіністігін, шынайы бауырластық көзқарастарын жетілдірмей тұрып, аймақтық интеграцияның кедергісі алынбайды.

Қырғыз бен тәжік ортасындағы шекара жанжалдары қазірдің өзінде екі халықтың көңілінде ұлттық сенімсіздікті ұялатты. Өкінішке қарай, осындай аймақтық ішкі мәселелерді ортақ шешуге әлі де саяси жігер, аймақшылдық талап

жетіспей келеді. Күннен-күнге қыза түскен сыртқы ойыншылардың бәсекесі кезінде бұндай түйткілді түйіндерді сырт күштерге ұстатпаудың өзі аймақтың болашақ тағдырына қатысты мәселеге айналып барады.

Сондықтан мәдени-гуманитарлық байланыстарды дамытудың тиімді жобалары жүзеге асырылуы керек. Айталық, аймақ елдері бауырлас елдерге өз астаналарынан көше бере отырып, сол елдің инвесторларын тартуы, мәдени орталықтарын ашуына мүмкіндік беруі, шығармашылық ұжымдардың алмасуын жүзеге асыру сынды тәсілдерді қолдануға болады. Бұл аймақ халқының өзара түсіністік пен таулығын арттыруға үлкен септігін тигізеді. Түрлі бағыттағы белсенді әрекеттер біртіндеп аймақтың ортақ экономикалық және саяси институттарын да қалыптастыра бастайды. Ішкі мәселелерді ортақ реттеуге қабілетті институттар қалыптасқан жағдайда 70 миллионға жуық халқы бар аймақ әлемдегі маңызды нарық әрі ықпалды күш ретінде қарастырылары анық.

Естай
БОЖАН,
сарапшы.





БРИФИНГ

МҮЛІК САЛЫҒЫ:

алматылықтардың қарызы – 735 млн теңге



Алматылықтар жалпы сомасы 735 млн теңге салық төлемеген. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметінің брифингінде Алматы қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің өндірістік емес төлемдер басқармасының басшысы Қуаныш Түменбаев мәлімдеді.

Досбол
АТАЖАН

Спикер 1 қазанда тұрғын үйлердің, пәтерлердің, саяжай құрылыстарының және өзге де құрылыстардың иелеріне мүлік салығын төлеу қажеттігін еске салды.

«Егер салық кезеңінде салық салу объектісі меншік құқығында

он екі айдан аз болса, мұндай объектілер бойынша төленуге жататын мүлікке салынатын салық сомасын он екіге бөлу және салық салу объектісінің меншік құқығында болған нақты кезеңдегі айлар санына көбейту жолымен есептелетінін атап өткен жөн. Бірнеше жеке тұлғалардың ортақ үлестік меншігіндегі салық салу объектісі үшін салық олардың осы мүліктегі үлесіне

пропорционалды түрде есептеледі», – деді Қуаныш Түменбаев.

Жеке тұлғалардың ішінде мүлкіне салық төлемейтіндердің толық тізбесі Салық кодексінің 526-бабында көзделген. Бұл ретте салық органдарында жеңілдікті жыл сайын растаудың қажеті жоқ.

«Бүгінгі таңда Алматы қаласы бойынша жеке тұлғалардың мүлкіне салық салуға жататын объектілердің (жеке үйлер, пәтерлер, саяжайлар мен гараждар) саны 642 172-ні құрайды, бағалау құны 3054 млрд теңге, 2022 жылы есептелген салық сомасы 3,9 млрд теңгеден асады. Өткен жылмен салыстырғанда, салық салу объектілерінің саны бағалау құны 6 млрд теңгеден 27 238-ге ұлғайды, оның ішінде жеке үйлердің саны 547-ге, пәтерлер – 21 262, гараждар – 5246-ға көбейді. Айта кету керек, жаңа салық салу нысандарының негізгі бөлігі (9167) Бостандық ауданына тиесілі», – деді спикер.

Спикердің мәліметінше, бүгінгі таңда Алматы қаласының 55 644 тұрғынының мүлік салығы бойынша 735 млн теңге қарызы бар. Төленбеген салықтың негізгі сомасы Медеу ауданының тұрғындарына тиесілі, олардың сомасы 315 млн теңгені құрайды, ал төлемегендер саны жөнінен антирейтингті Бостандық ауданының тұрғындары бастап тұр – 37 мың адам.

Департамент тұрғындарды қарыздарын өтеуге шақырады және салықтардың уақытылы төлеуге кенес береді.

Сұрақтар туындаған жағдайда тұрғындар 1414 нөмірі бойынша бірыңғай байланыс орталығына жүгіне алады.

ЦИФРЛАНДЫРУ

КӨП ШЫҒЫНДАЛМАЙСЫЗ

Алматылықтар жылжымайтын мүлкін нотариуссыз ХҚКО-да рәсімдейді

Жылжымайтын мүлік сатып алсаңыз, оны Халыққа қызмет көрсету орталығында жылдам әрі нотариуссыз рәсімдеуге болатынын білесіз бе? Иә, жылжымайтын мүлікті сатып алу-сатуды ХҚКО-да нотариуссыз рәсімдеуге болады. Құжаттарды тапсыру күнін есептемегенде, бұл шаруаны бар болғаны 1 күнде бітіруге болады.

Мәміле жасау үшін төмендегі құжаттар керек: екі данада жасалған сатып алу-сату шарты; жылжымайтын мүліктің техникалық паспорты; жылжымайтын мүлікке құқық белгілейтін құжаттар (оларды сатушы ұсынады).

Егер сатушы мен сатып алушы некеде тұрса, онда жұбайының/зайыбының нотариалды куәландырылған келісімі қажет. Бұл екі жаққа да қатысты.

Егер жылжымайтын мүлік құрылыс компаниясынан сатып алынса, сізге сату туралы қосымша шешім ұсыну қажет. Бұл ретте егер сатып алушы некеде тұрса, жұбайының/зайыбының нотариалды куәландырылған келісімі қажет.

«ХҚКО-ға дайын сатып алу-сату шартымен де, онсыз да келуге болады. Барлық аудандық ХҚКО-ларда арнайы бөлінген мамандар оны құрастыруға көмектеседі. Шартта жылжымайтын мүліктің барлық техникалық сипаттамалары (ауданы, қабаты, пәтер нөмірі, кадастрлық нөмірі және т.б.) көрсетілуге тиіс. Егер жылжымайтын мүлік құрылыс салушыдан сатып алынса, шартта ХҚКО-ға келетін компанияның сенімді тұлғасының аты-жөні көрсетілуі керек. Сенім білдірілген тұлға болмаған жағдайда ХҚКО-ға компания директоры келеді, ол сатып алу-сату шартына қол

қояды және өзімен бірге директорды тағайындау туралы бұйрық әкеледі. Алматы ХҚКО-ларында айына орташа есеппен 150-200 жылжымайтын мүлік рәсімделеді. Осы жылдың 9 айында алматылықтар ХҚКО арқылы 1,5 мыңнан аса мәміле жасады. Әсіресе, Алматы ауданының тұрғындары 700-ден аса мәміле жасап, ХҚКО қызметін белсенді пайдаланған», – дейді филиал директоры Абдурасул Құлдашов.

Мемлекеттік баждың мөлшері – 1202,5 теңге, егер көрсетілетін қызметті алушы дайын сатып алу-сату шартымен келсе. Егер құжат ХҚКО-да жасалатын болса, онда көрсетілетін қызметті алушы тіркеуге қарамастан, шартты жасау үшін де бөлек 8500 теңге төлейді. Қызметтің құны жылжымайтын мүлік түріне байланысты өзгереді (мысалы, сактау орындары, паркінгтер және т.б.). Егер сатып алу-сату объектісі жеке үй болса, онда төлем өзгермейді, бірақ оның аумағындағы жер учаскесі мен шаруашылық құрылыстарды тіркеу үшін қосымша ақы алынады.

Осылайша жоғарыда көрсетілген мүмкіндіктер Мемлекеттік қызметтерді алу кезінде алматылықтардың қаражатын бірнеше есе үнемдеуге мүмкіндік береді.

Нұр ЖАМАЛ.

АЛМАТЫ СУ

Алматы қалалық Энергетика және сумен жабдықтау басқармасының басшысы Талғат Мәлібаевтың сөзіне сүйенсек, су қабылдағыш құрылыс пен Қарғалы су тазарту стансасының қолданысқа берілуі «Ақжар» ықшамауданы сумен қамтамасыз етуді арттыратын көрінеді. Бұл шаруа реттелсе, Қарағайлы, Қарғалы, Құрамыс пен Таусамалы елдімекендеріне тәулігіне 15 мың текше метр су жетеді екен. Құрылыс жұмыстарын жыл соңына дейін аяқтау жоспарланған.

Айнабай
МӘДІ

«Осыдан бір жылдай бұрын қаламызда Ақсай өзенінде жалпы өнімділігі тәулігіне 22 мың текше метр болатын су қабылдағыш құрылыс пен сүзгі стансасының құрылысы басталғанды. Енді екі жылдан соң осы қалалық сумен жабдықтау нысандары іске қосылғанда, Наурызбай ауданындағы 5 елдімекенде: «Ақжар», «Тастыбұлақ», «Таужолы», «Таусамалы» мен «Шұғыла» ықшамаудандарында, сондай-ақ, Алматының тағы да 2 елдімекені: Жаңа тұрмыс пен Қырғазуылдыда ауызсу тапшылығы жойылады. Жалпы, сумен жабдықталатын осы елдімекендердің халқы – 100 мыңдай адам. Қалай болғанда да сумен жабдықтауды үздіксіз жүзеге асыратын боламыз», – деді бізбен әңгімесінде басқарма басшысы Т.Мәлібаев.

Жыл сайын жазғы суару кезеңінде кеңейтіліп жатқан ықшамаудандар қажеттілігіне судың көп алынуы сеп болуда. Әрі, техникалық талап ескерілмей салынған қолданыстағы су құбырларының өткізу қабілетінің төмендігі де осы шаруаны реттеуге кері әсерін тигізіп жатқандай. Сондықтан сумен жабдықтау мәселесінде саймандардың техникалық жай-күйі қатаң қадағалануда.

«Солай бола тұра, көктем-жаз мезгіліндегі аталған төңірек тұрғындарының бау-бақша суару көлемінің ұлғаюы судың жеткілікті болуына кереғар әсері барын айтпай тұра алмаймыз», – дейді басқарма басшысы. Осындай қолбайлаулар барын байқадық. Мысалы, Ақсай




өзенінде бастапқы судың лайлылығы мен су берудегі үзіліс те сумен тиісінше жабдықтауға әсер етеді. Дегенмен, басқарма бұл мәселелерді реттеу жолдарын қарастыруда.

Біз сөзге тартқан «Алматы Су» мемлекеттік кәсіпорнының бас директоры Лияс Қазиев «Жерасты көздерінен қосымша су тарту «Ақжар» ықшамауданындағы су тапшылығының орнын толтырады» дейді. Кәсіпорын басшысының сөзінің жаны бар. «Проактивті тәртіпте судың нақты жетіспейтін күндеріне Наурызбай ауданындағы «Ақжар» ықшамауданы мен басқа да су есептегіші жоқ ықшамаудандардың тұтынушыларына су ақысын қайта есептеу жүргізіледі», – дейді кәсіпорынның бас директоры.

ТІРШІЛІК НӘРІ

Сумен қамту үздіксіз жүргізіледі



• Осы күні «Алматы Су» кәсіпорны 3607 км су құбыры мен 1926 км кәріз желілерін пайдаланады.

• Инженерлік желілерді қайта құру жөніндегі іс-шаралар шеңберінде кәсіпорынның өз қаражаты есебінен ағымдағы жылы тозығы жеткен 43,1 км су құбыры желілері мен 2,7 км кәріз желілерін ауыстыру жоспарлануда.

• Жұмыстарды жүргізу кезеңінде сумен жабдықтау үздіксіз жүзеге асырылады, көлік қозғалысы шектелмейді.

• Құбырларды салу кезінде автокөлік жүретін негізгі жолдар жабылмайды, тек қозғалыс трафиğine әсер етпейтін көшелердің шағын учаскелері белгілі бір уақытқа (түнде) ішінара уақытша жабылатын болады.

Керек дерек



● БАСПАСӨЗ ТУРЫ

ТҰРАҚТЫЛЫҚ ПЕН ӨРКЕНДЕУ

Алматыда шағын және орта бизнесті қолдау бағдарламалары қалай іске асырылуда?



Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Бизнеске мемлекет тарапынан қолдау көрсету – өңірдің ғана емес, тұтас елдің кәсіпкерлік секторын дамытуда маңызды рөл атқарады. Бұған «Даму» қорының Алматы қаласы бойынша өңірлік филиалы ұйымдас-тырған пресс-турда көз жеткіздік.

Алматы қаласы әкімдігінің қолдауымен жүзеге асқан іс-шараның мақсаты – аталмыш қордың тарапынан мемлекеттік бағдарламалар аясында қолдау тапқан кәсіпорындардың жұмысымен танысу, кәсіпкерлікті дамыту бағытында атқарылып жатқан істер жайынан халықты хабардар ету.

Іс-шара басталмас бұрын «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қорының Алматы қаласы бойынша аймақтық филиалының директоры Жандос Нұрғазинов БАҚ өкілдеріне филиалдың қызмет бағыты мен жеткен жетістіктері, алматылық кәсіпкерлердің қордан алған қолдау нәтижелері туралы айтып берді.

– Бүгінгі таңда «Даму» қоры бірқатар мемлекеттік бағдарламаларды іске асыруда. Төрт бағытта жұмыс жасайды. Бірінші – субсидиялау, яғни кәсіпкердің екінші деңгейлі банктен алынған негізгі борышы сыйақысының бір бөлігін субсидиялау. Екінші бағыт – кепілдендіру, 85%-ға дейін кепілдігі жеткіліксіз болған жағдайда кәсіпкерлерге қолдау көрсету. Екі бағыт Кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі 2021–2025 жылдарға арналған Ұлттық жоба бағдарламасы аясында жүзеге асырылады. Үшіншіден, жеңілдетілген несиелендіру, төртінші – мемлекеттік қолдау алған кәсіпкерлердің мониторингін жүргізу. Мемлекеттік бағдарламалар іске қосылғалы Алматыда жыл басынан бері 15 мыңға жуық кәсіпкер қолдау тапты. Мәселен, жыл басынан бері 9 айдағы қорытынды бойынша субсидиялау бағытында 800-ден астам кәсіпкер 100 млрд теңгеге несие алса, кепілдендіру бойынша 500-ге жуық кәсіпкер 20 млрд теңгеге жуық қаражат алып, мемлекет тарапынан қолдау тауып отыр, – дейді филиал басшысы Жандос Нұрғазинов.

Өнімдеріміз жоғары сұранысқа ие

Біз алғаш табан тіреген кәсіпорын Алатау ауданына қарасты «Алғабас» ықшамауданындағы индустриалды аймақта орналасқан «BRBAPK» ЖШС жылыжай кешені болды.

«NAC Agro» брендімен танылған жылыжай топырақсыз көкөніс өндіруге арналған озық технологиялармен жұмыс істейді. Мамандардың айтуынша, жылыжайдың өндірістік қуаттылығы жылына 7 мың тоннадан астам көкөністі құрайды және тәулігіне 20 тоннадан астам көкөніс өндіре алады. Жобаны «ҚазАгроҚаржы» АҚ қолдауымен жеке инвесторлар жүзеге асырған. Инвестиция көлемі 7,8 млрд теңгені құрайды. 150 адам тұрақты жұмыспен қамтылған. Өндірісте голландиялық Dalsem Horticultural Projects B.V. компаниясының технологиясы қолданылады.

– Өндіріс кешені мемлекеттің қолдауымен 2016 жылы салынған. Биыл «Даму» қорынан төмен пайызбен 2 млрд теңгеден ас-



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБЕКОВ.

там қаражат көмек алдық. Оның 500 миллионы жылыжайдың қасынан бой көтеретін лимон өсіруге арналған арнайы кешеннің құрылысына жұмсалады. Ал қалған қаражат осы 12 гектар аумақта жұмыс жасап тұрған жылыжай кешенінің жаңаруына пайдаланылады. Жаңа кешенде осы төңіректерде тұратын 200-ден астам адам жұмыс істейді. Ал мамандарымыз еліміздегі ЖОО-ның бітірген түлектер. Жыл сайын жас мамандарымыз Нидерланды, Германия секілді шетелдерге барып білімдерін жетілдіріп келеді, тәжірибе алмасу үшін оқуға жіберіп тұрамыз. Жылыжайда қыз-нақтың 12 түрі, екі түрлі қияр, екі түрлі баялды (бақлажан) және болғар бұрышын өсіреміз. Өнімнің 35–40%-ын Алматы қаласына, қалған 30%-ды солтүстік өңірлерге жөнелтеміз, ал қалғаны Ресейге жіберіледі. Өніміміз сапалы болған соң біздің тауарларға деген сұраныс та жоғары, – дейді агроном, өндіріс кешенінің басшысы Шәкен Бөлекбаев.

Қазіргі уақытта компания өндірістегі жаңа және қолданыстағы бағыттарды дамытуға ұмтылады, одан әрі дамытуды, оның ішінде өндірілетін өнім ассортиментін кеңейтуді жоспарлап отыр.

Кәсібің – нәсібің

Жылыжай жұмысымен танысқаннан кейін біз «БИЖАН ет комбинаты» ЖШС-не бардық.

Өнімдерін Алматы халқы ғана емес, бүкіл Қазақстан тұтынатын кәсіпорын бүгінгі таңда жоғары сапалы шұжық пен ет өнімдерінің 100-ден астам түрін шығарады. Аталмыш компанияға биыл 25 жыл толып отыр.

«Бижан» ЖШС директорының орынбасары Бақытжан Қадырбаевтың айтуынша, мұнда ишкізат өнімі өз елімізден әкелінеді. Компанияның Көкшетау қаласында ірі қара, мал бордақылайтын орны бар. Сол себепті, оларға ишкізатты тасымалдау қиынға соқпайды. Алматыдағы кәсіпорында 235 адам жұмыс істейді. Мұнда жұмысшыларға барлық жағдай жасалған. Кәсіпорынның Алматыда – 20, Астанада – 8 фирмалық дүкені бар, – дейді директордың орынбасары Бақытжан Қадырбаев.

Кәсіпорын «Қазақстан Халық Банкі» АҚ

арқылы «Басымды жобаларды несиелендіру және қаржылық лизинг тетігі» бағдарламасы бойынша инвестицияны қаржыландыруға не болған. Бағдарлама шарттарына сәйкес сыйақы мөлшерлемесінің субсидияланатын бөлігі жылдық 15%-дың 9%-ын құрайды. Бүгінде жаңа зауыттың арқасында жаңа жұмыс орындары ашылған.



Мемлекеттен қолдау бар

«Жақсыны – көрмекке» демекші, біз ат басын бұрған үшінші кәсіпорын – «ТЕРЛОСТИЛ» ЖШС қасбеттік жылу панелін өндіретін зауыт болды.

Қауіпсіздік ережелерін барынша сақтау мақсатында келген қонақтарына қорғаныс шлемін ұсынған кәсіпорын басшысы өндірістік цехтағы жүргізіліп жатқан жұмыс барысымен таныстырды. Негізін 2019 жылы қалаған кәсіпорын фасадтар мен құрылымдарға арналған термопанельдер және сәндік бұйымдарды шығарумен айналысады.

– Біздің компания қасбетке арналған жылу панельдерін өндіретін отандық компания болып саналады. Негізінен, өнімдер орташа табыс табатын қарапайым халыққа арналған. Біздің өнімдер біріншіден, үйді жылытады, екіншіден, әсемдік береді. Қолдану мерзімі – 25 жыл. Зауытты салғанымызға екі жыл болды. Инвестициямыздың құны 800 мыңнан асады. «Даму» қорынан займ алып, оны 200 млн.-ға субсидияладық. Біз қазір пенопласт өндіретін цехта тұрамыз. Мұны «Даму» берген қаражатқа салып бітірдік. Аталмыш қордың кәсіпкерлер үшін жасап жатқан еңбегі көп. Мамандардан кеңес алу, жалпы, ондағы барлық процесс еш қиындықсыз жеңіл жүреді. Бұл кәсіпкер

үшін үлкен жеңілдік, алдағы ісіне нық сенім мен серпіліс береді. Осы тұрғыдан алғанда біз мемлекеттің қолдауына, «Дамудың» қызметіне алғыс білдіреміз. «Әрекетке – берет» деген. Кәсіпкерлікті дамытуда мемлекеттен қолдау бар деген осы, – дейді кәсіпкер, «Терлостил» ЖШС директоры Ержан Қалимолдиев.

Профильден – әйнекке дейін...

Баспасөз туры «Комбинат Светопрозрачных Конструкций» ЖШС-інде жалғасын тапты.

– Компания құрылғанына екі жыл уақыт болғанына қарамастан құрылыс нарығындағы жетекші компаниялардың біріне айналған. Біздің зауыттың бірегейлігі сол, бір «шаңырақ» астында төрт түрлі өнім шығарады. Мұнда профиль жасаудан бастап әйнекке дейін кез келген күрделіліктегі витраждар, терезе және есік жүйелерін жасаудың үздіксіз процесі жүреді. Сенімді жеткізушілер арқылы шыны аламыз. Мәселен, әл-Фараби даңғылындағы жаңа «Almaty Theatre» құрылысына біздің зауыттың өнімдері пайдаланылған. Халық тұтынатын тауарларға қашан да сұраныс бар. Қазір заманауи үлгідегі түрлі ғимараттар да, жеке тұрғын үйлер де көз ілеспес жылдамдықпен салынып, бой көтеруде. Біз соларға металл пластиктен кез келген күрделіліктегі витраждар, терезе және есік жүйелерін өндіру және орнату бойынша жұмыстарды орындаймыз, – дейді зауыт технологі Дмитрий Кулаков.

«Center Leasing» ЖШС арқылы өз қызметін кеңейту үшін компания Кәсіпкерлікті дамытудың 2021–2025 жылдарға арналған ұлттық жобасы бойынша инвестицияға қаржы алған. Бағдарлама шарттарына сәйкес сыйақы мөлшерлемесінің субсидияланатын бөлігі жылдық 21,75%-дың 13,75%-ын құрайды. «Комбинат Светопрозрачных Конструкций» ЖШС қолдау аясында жаңа жұмыс орындарын ашқан.

Құндылық пен білімнің мекені

Пресс-турды Наурызбай ауданына қарасты «Қарғалы» ықшамауданында орналасқан «ZAMAN» элиталық қазақ мектебі аяқтады.

Тау бөктеріне жақын орналасқан заманауи білім ордасы басқа мектептерге мүлде ұқсамайды. Құрылысы мен әрлеу жұмыстарына тек табиғи өнімдерді пайдаланған ғимараттың сыртқы келбетінің өзі ерекше. Айналасы жап-жасыл көгалмен көмкерілген элиталық қазақ мектебі жалпы және орта білім беруге негізделген. Мұнда оқушылар шет тілдерін қосымша оқумен қатар, қазақ халқының мәдениеті мен дәстүрлерін терең зерделей отырып, мемлекеттік тілде білім алады.

– Жаһандану заманында жаңа технологияны еркін меңгерген, ақылды, әрі өркеніетті жеткіншек қалыптасу үшін осындай тәрбиесі мен тағылымы мол мектептер ашылып жатса, нұр үстіне нұр. Мақсатымыз – математикалық пәндер мен ағылшын тілін тереңдетіп, қазақ тілінде оқытатын мектеп-гимназия ашу, оны 590 оқушыға дейін кеңейту үшін жаңа ғимарат салу болатын, – дейді мектептің негізін қалаушы Амангелді Нұров. Оның айтуынша, мұнда бұрын «Дәулет» орта білім беру мектебі болған. Мұғалімдер мен оқушылардың құрамы сол кезден қалыптасқан. 13 жылдан астам уақыт бойы жұмыс істеп келеді. Педагогикалық ұжымның 90%-ын бұрынғы мектепте қызмет атқарған мұғалімдер құрайды.



P.S. Кәсіпкерлерге бизнеспен, өндіріспен айналысуға даңғыл жол ашып берген «Даму» қорының Алматы қаласы бойынша өңірлік филиалы ұйымдастырған пресс-тур жұмысы түс ауа аяқталды. Әрине, қордан қолдау тапқан ұжымдардың бәрін бір күнде аралап шығу мүмкін емес. Дегенмен, «көп естігеннен бір көрген артық». Пресс-тур барысында біз аталмыш қордан нақты көмек алып, өз істерін дөңгелетіп отырған кәсіпорындардың жұмысына куә болдық. Өндіріс орындарында білек сыбана қызу жұмыс істеп жатқан жандардың еңбегін көрдік. Қорыта айтқанда, халықты тұрақты жұмыспен қамтып, әлеуметтің әлеуетін көтеруге септігін тигізіп жатқан кәсіпорындардың жетістіктеріне қуандық. Бұл көріністер мемлекеттен көмекті кәсіптің қай түріне болса да алуға болатынын көрсетсе керек.



ТАҒАМ ФЕСТИВАЛІ

«SHAI ISHEIK»

мерекелік іс-шаралар қорытындыланды

«Өзіміз отырып, шай ішейікші» дейтін қала тұрғындары демалыс күндері өткен «Шай ішейік» фестивалінен дәм татып қайтты. Абай атындағы ҚазҰОБТ жанындағы саябақта өткен «Шай ішейік» (Shai isheik Food Fest) атты тағам фестивалі Қала күніне арналған іс-шаралардың бірі болатын.

Әдетте қонақтарды аттандырып немесе бір үлкен жұмысты тындырған кезде қазекем, «Енді өзіміз отырып, бір шай ішейікші» деп жатпаушы ма еді. Соған ұқсас Қала күніне орай өтіп жатқан шаралардың сіржежияр қорытындысы да осы Shai isheik іс-шарасы.

Гастрономиялық тағамдар фестивалінің бағдарламасы жай ғана тағамдарға арналмаған. Тағам даярлауға қатысты шеберлік сабақтары, фуд-корт, ашық аспан астындағы кинотеатр, мерекелік дастархан, ойын-сауық бағдарламаларын да өз ішіне қамтиды. Қызықты фестивальдің кішкентай қонақтарына даярлаған «Қожанасыр құпиясы» секілді интерактивті спектакльдері де бар.

Тағам фестивалінің ең негізгі имидждік өнімі ретінде ұлттық тағам – бауырсақ таңдалған. Шағын саябақта 2000 дана бауырсақ пісіріліп таратылмақ. Әр қонақ үшін бір кесе ыстық шайы да дайын. Қала тойының шашуынан жақын маңдағы қала тұрғындары ауыз тиіп те жатыр.



«Фестиваль форматы қала ортасындағы белгілі бір орынға байланбай, жыл бойы өткізуге болатын икемді жоба деуге болады. Яғни көшпелі фестиваль жобасын алдағы уақытта Алматыдан өзге де қалаларға өткізуге болады. Концерттік бағдарламамыздың мазмұнын әр алуан етуге тырыстық. Жаңа эстрада бағыттарынан тартып, этно-фольклорлық ансамбльдер де тартылды. Ал кешкі ашық аспан кинотеатрында отандық, қазақи фильмдерді көрсетуді жоспарлап отырмыз», – дейді іс-шараны ұйымдастырушы Аружан Мұрат.

Ұйымдастырушылар іс-шараның бизнес органы дамытуға да өзіндік ықпалы бар деп санайды. Былайша айтқанда, өнім мен қызмет өтеу сапасын жоғарылатуға ықпал етеді.

Фестиваль қала тұрғындары мен қонақтарына ұнаған секілді. Отбасымен бірге Алматыда саяхаттап жүрген тыңсыздық Уаң Луын іс-шара алаңынан ризашылықпен шығып барады екен. Сөзге тартып едік, шардың дәмі мен адамдарына дән риза екенін айтып өтті. «Тағамдарыңыз өте дәмді

екен, түрі өте көп, елде көп ұлт бар болғаннан солай шығар. Бір-біріне ұқсамайтын түрлі дәмді татып көрдік. Керемет! Қала күні құтты болсын!», – дейді Уаң Лун.

Тағы қайталай кетейік, Қала күніне орай өткен іс-шаралардың қорытындысы – Shai isheik фестивалі 23-24 қыркүйек күндері өтті. Жексенбінің кешінде мазмұнды бағдарламаларын ашық аспан астындағы кинотеатрмен аяқтады.

Е.БОЗЖАН.

ЭКОШЕРУ

«МУСОРГИ»
ЖОБАСЫ ЖҰРТТЫ ТАҢҚАЛДЫРДЫ
Жексенбіде Арбат қоқысқа толып кетті

Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

Қала тұрғындары көбірек жиналатын, әсіресе, жастардың алаңына айналған Арбат 24 қыркүйекте қоқысқа толып кетті. Қоқыстарды жамылған «құбыжықтар» Арбат бойымен шерулетіп қала тұрғындарының назарын өзіне аударды.

Естай
БОЖАН

Анығында, бұл әр саладағы эко-белсенділердің ұйымдастырған эко-арт жобасы болатын. 8 суретші жетекші мен олардың командасы қаладағы әр ауданның экологиялық жағдайын зерттеп, жиналған қоқыстардан құбыжық кейіпкерлерді жасап шеру өткізді.

Шерушілердің тізбегін бастап қаршадай ғана бала ала байрағын бұлғап жүрді. Үстіне эптак қардай киім киген. Оның артынан қалмай қуалаған «Қоқыс-бике Мұнайқызы» ақ қарды қуалаған қоқыстар тізбегін бастаған. Оған ілескен «құбыжықтар» ел назарын аудармай қалған жоқ. Алқам-салқам

«мутанттар» мақсаты да сол еді – алматылықтардың экологиялық ортаға және қоқыстарға назарын аудару.

Қатысушылардың бірі Мөлдір Сағындық бұл шерудің мәнін былай деп түсіндірді: «Бұл «Мусорги» деп аталатын жоба. Елімізде бірінші рет болып жатыр. Қаланың әр ауданына бөлініп, ондағы экологиялық жағдайды зерттеуге тырыстық. Екі аптадай уақыт жұмсап ластану жағдайын бағаладық, суреттер мен деректер топтастырдық. Айталық, біздің топ Бостандық ауданында болдық, онда біз мұздықтардың еруі, жылыну сынды жағдайлар бойынша зерттеу жүргіздік. Ал бүгін біз сонда жиналған қоқыстардан осындай құбыжық кейіпкерлер жасап, шерулетіп қала тұрғындарының назарын экологияның маңызына бұрғымыз келді». Мөлдірдің айтуынша, бұл жобаға түрлі саланың адамдары топтасқан. Олардың арасында суретшілер, қаламгерлер, музыканттар, медицина қызметкерлері, оқытушы ұстаздар да бар.

«Әрине, таңқалдым. Экология мәселесі бойынша іс-шара екенін бірден түсіндім. Қоқыстардың, ластандың адам мен планетамызға тигізіп жатқан әсерін жеткізгісі келгенін түсіндім. Бұл расында маңызды мәселе деп ойлаймын. Бірақ қоғамға тереңірек әсер ету үшін жалғыз бұл іс-шара жеткіліксіз», – дейді қала тұрғыны Арман.

Жоба қатысушыларының екі апталық еңбегінің нәтижесінде жиналған деректер мен фотосуреттердің, сондай-ақ, қоқыстардан жасалған өнер туындыларының көрмесі 30 қыркүйек пен 8 қазан аралығында өтеді. Көрерменін Арбат маңындағы Dump Gallery-де күтеді. Жоба жетекшілері алматылықтарды экология мәселесіне назар аударуға шақырады.

ФОТОБАЙҚАУ

Алматы қаласы Қоғамдық даму басқармасының «Қоғамдық даму» орталығы «Әсем қала – Алматы» атты фотобайқау ұйымдастырды. Аталмыш байқауға 13 пен 62 жас аралығындағы 400-ге жуық адам қатысты. Қала тұрғындары сүйікті қаламыздың көркем келбетін фотосуреттер арқылы сөйлете білетіндіктерін көрсетті. Байқауға өз туындыларын ұсынған авторлардың 20 жұмысы іріктеліп, ашық аспан астындағы көрме төрінен орын алды.



«ӘСЕМ ҚАЛА – АЛМАТЫ»

Рая
ЕСКЕНДІР

Алматының тарихи және көрікті жерлерін туындысына арқау еткен авторлардың жұмысы әртүрлі тақырыпты қамтиды. Бір жұмыс сырға толығымен ерекшеленсе, енді бір суреттің бояуы қанық, ойы анық.

– Біздің Алматы – өте сұлу қала. Табиғаты да жаңға жайлы, сондай ерекше. Әсіресе, биік таулар алыстан қол бұлғап, шақырып



тұрады. Өзім осы саланы ұзақ жылдан бері серік етіп келемін. Сондықтан шаһарымыздың шырайын танытқысы келетін, қаланы өте жақсы көретін жандардың қатары көп екеніне қуанып тұрмын, – дейді әділқазылар алқасының мүшесі, кәсіби фотосуретші Сәрсенбек Қызыбекұлы.

Байқау қорытындысы бойынша Алтынбек Рахымбек, Әзиз Сикымбекұлы, Маржан Ұзақбайдың жұмыстары үздік деп танылып, жеңімпаздарға қаржылай сыйлық табыс етілді.



● ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫ

МЕКТЕП АСХАНАСЫ: ТЕГІН ТАМАҚ ТАЛАПҚА САЙ МА?

Еліміздің экономикалық жағдайы жақсарған сайын тегін ыстық тамақпен қамтылған оқушылар саны да жыл сайын артып келеді. Осы уақытқа дейін 9 өңірде әкімдер мен мәслихаттардың бастамасы бойынша әлеуметтік мәртебесіне қарамастан 1–4-сынып оқушылары мектепте тегін тамақтанып келсе, бұл қатарда Алматы қаласы да алғашқы болып бастама көтергені белгілі.



Рая
ЕСКЕНДІР

Сонымен, осы жылдан бастап әлеуметтік мәртебесіне қарамастан, барлық бастауыш сынып оқушылары ыстық тамақпен қамтыла бастады. Мемлекет басшысы сайлауалды бағдарламасында Үкімет пен әкімдерге 2027 жылға дейін еліміздегі барлық бастауыш сынып оқушыларын мектепте тегін ыстық тамақпен қамту туралы тапсырма берген еді.

Осыған орай, қазір жоғарыда аталған 9 өңірге қосымша қалған 11 өңір әкімдіктері бұл мақсатта тиісті қаражат қарастырып, биылғы 1 қыркүйектен бастап 1,6 миллионнан астам барлық бастауыш сынып оқушысы және халықтың әлеуметтік осал топтарына жататын отбасы балалары мектептерде тегін тамақпен қамтамасыз етіле бастады. Біз қаламыздың Медеу ауданындағы №19 мектебі оқушыларының ыстық тамақ мәзірімен танысып қайтқан едік.

Мектептің бастауыш сыныбында білім алып жатқан оқушылардың тегін ыстық тамақпен қамтылуын барлық ата-аналар зор қуанышпен қабылдады. Әдетте, балалардың таңертең асқа аса тәбеті бола бермейді ғой.

Ал мектеп асханасында сыныптастарымен ішкен астың дәмі де, жөні де бөлек. Сондықтан мемлекеттің мұндай қолдауына ата-аналар да ерекше қуанып жатыр. Дегенмен, «тегін тамақ талапқа сай ма?» деген сауалдың болуы заңды. «Тәбет тамақпен келеді» демекші, асханаға кірген бойда балалардың да тәбеті ашылып, бір-бірімен жарыса тамақтанып жатқанын байқадық. Осы ретте біз асханада тамақтанып болған балаларды сөзге тартып, олардың пікірін тыңдадық.

– Маған асханадағы тамақтың барлығы ұнайды. Әсіресе, картоп пен котлетті жақсы көремін. Салаттары да әртүрлі. Барлығы дәмді. Кампот ішеміз. Сосын міндетті түрде жеміс жейміз, – дейді 3-сынып оқушысы Әлішер Асқарұлы.

Осылайша сүйсіне тамақтанып алған оқушылар аспаз апайларына алғыстарын жаудырып, сыныпқа беттеді.

Иә, мектепте берілетін ас мәзірінің құрамы да, құнары да өзгеше. Үй жағдайында көбіне майлы, қуырылған ас ішетін балалардың ағзасы бір сәтке болсын жеңіл тағамдармен қоректеніп жатады. Қазір қала көлеміндегі мектеп асханалары оқушыларды Тағамтану академиясы бекіткен ас мәзірі бойынша тамақтандырып жатыр. Ең бастысы, дайындалатын тағамдардың құрамы дәмді, қоректік қуаты мол, денсаулыққа қауіпсіз, экологиялық таза болуы шарт. Мұндағы тағамның құрамы күнделікті энергия қажеттілігінің үштен бірін қамтуы керек. Сосын тағам құрамында ақуыз, май, көмірсуларының болуы міндетті. Әдетте, балалардың жан-жақты, дені сау ұрпақ болып қалыптасуы мен ойының дамып, бойының өсуіне түрлі дәрумендердің маңызы зор.

Бұған қоса, түрлі аурдың алдын алу үшін дәруменге бай, майы аз, тірі пробиотиктері бар сүт өнімдерін де ас мәзіріне қосу керек. Мектеп рациондында көкөніс, жеміс-жидектің де көбірек болғаны маңызды. Керісінше, артық қолданылған қант, тұз, май сияқты тағамдарды шектеген жөн. Бұл тағамдарды шамадан тыс тұтыну қант диабеті, гипертония, бауыр, ми ауруларына соқтырады.

● ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Айымгүл ИМАНҒАЛИЕВА,
№19 жалпы білім беретін мектеп директоры:

Ас мәзірі тексеріліп отырады

Ең бастысы, баланың өмір қауіпсіздігі болғандықтан әркез асхана жұмысын қадағалап отырамын. Міне, асхана қызметкерлерінің денсаулық жағдайын тексеру журналы бар. Оны мектеп медбикесі жүргізіп отырады. Онда асхана қызметкерлерінің денсаулығы, күнделікті дене қызуына дейін көрсетіледі. Асханадағы тазалық жұмыстарының жүргізілуі туралы дәптер, тоңазытқыш жабдықтарының температурасын тіркеу, тез бұзылатын азық-түліктерге арналған брокираж журналы бар.

Жалпы, мектеп асханасында әзірленетін ас мәзірін тексеріп отырамыз. Оның құрамында медбике, қамқоршылар кеңесінің мүшелері, директордың тәрбие жөніндегі орынбасары, әлеуметтік педагог бар. Тағамның сапасын қадағалайтын мониторинг топ осы дәптерді күн сайын жүргізіп отырады.

Қарлығаш СЕЙДІЛДАҚЫЗЫ,
асхана меңгерушісі:

Балаларға майға қуырылған тағамдарды бермейміз

Балаларға берілетін ас мәзірі әртүрлі. Күнде бір тағамды қайталамаймыз. Мәселен, палау берілсе, оның жанында салаты болады. Балалар картопты котлетімен жақсы жейді. Макаронмен етті де сүйсіне жейді. Кептірілген жемістен қайнатылған кампот береміз. Сосын түрлі кисель береміз. Апта сайын сиыр, тауық еттерінен жасалған котлет, балық береміз.

Жалпы, ас мәзірі апта сайын өзгеріп отырады. Барлық тағамды суға, бұға пісіреміз. Балаларға майға қуырылған тағамдарды бермейміз. Баланың ағзасына сіңімді, пайдалы, жеңіл әрі қоректі тағамдарды мейлінше молынан қамтимыз. Жыл бойы қызанақ, қияр, қырыққабат, алма, йогурт, дәруменге бай көк шөптерді үзбейміз. Оның үстіне бізге берілген талап та солай. Асханада он адам жұмыс жасаймыз. Екі аспазымыз тамақ пісірсе, екі пекарь самса, бәліш пісіреді. Тағы екі қызымыз залдағы столдарды жинайды. Диетадағы балалар да бар, олар каша жейді. Тағамтану академиясы бекіткен ас мәзірі біздің де ойымыздан шығады.





Зиялының сөзі

Дархан
МЫҢБАЙ

Қазір бүлдіршен-деріміз – балабақшада, оқушыларымыз мектепте әртүрлі әдістемемен қилы мәртебелі мекемелерде тәрбиеленіп, білім алып жатыр. Бұл қаншалықты тиімді? Немесе формасын мың құбылтқаннан мазмұн өзгере сала ма?

Ұлт құндылықтарын, соның ішінде ғасырлар бойы қалыптасқан салт-дәстүрді бойына сіңірген ұрпақтан адал азамат, бірлігі бекем қоғамды құрушы өсіп шығады. Кез келген қиындықты еңсеретін ұл-қыздар ғана мемлекеттің өркендеу-дамуына ықпал етсе, өлемде озық елдердің көрсеткен үлгісі осыны аңғартады.

Біздегі ахуал қандай? Сана-сезім, яғни ментальдық деңгейдегі өзгешілікті, әлеумет-

Өркениеттің алтын заңы: балабақша балғындары мен мектеп оқушыларының тәрбиелі, иманды, отаншыл, қоғамшыл, елшіл етіп қалыптастыру – атананың да, қоғамның да, мемлекеттің де ең маңызды міндеті.

«БІР ЕЛ –
БІР МЕКТЕП»

қағидасының мәні неде?

тік жағдайдағы теңсіздікті, тілдегі қайшылықты былай қойғанда, сауат ашып, жалпыға бірдей білім беретін мектептердің түрі мен мазмұны жылдан-жылға бір-бірінен алшақтап бара жатыр. Ауыл мен қала мектебінің айырмашылығын жою жұмыстары бұрыннан басталғанын білеміз. Бірақ ол бүгінде түсініксіз үдерісте. Қазір қала мектептерінің өзі сан қилы. Оқушылардың киім үлгісі былай тұрсын, оқу бағдарламасына, пән мен тәлім-тәрбие әдістемесіне қатысты алақұлалықты педагогтардың өздері әлеуметтік желіде айтып жүр.

Әрине, бәріне ортақ міндеттелген бағдарлама бар. Алайда, білім мекемелерінің міндеті – оны шығармашылықпен жүзеге асыру емес пе?

Мысалы, қазір адамзат инженерлік ойының бастауы «Сызу» пәні мектепте оқытылмайтынын, ал соның университеттегі жалғасы (техникалық мамандықтарда) – «Сызба геометриясы» міндетті курс қатарынан шығып қалғанын білесіздер ме?

Жалпы мектеп үшін түлегінің білімі, тәрбиесі ең басты көрсеткіш болуы керек. Өкінішке қарай, бүгінгі мектеп талабында мұғалімнің ұстаздық, яғни әдістемелік біліктілігі емес, қилы сертификат сұрайтын формализм алға шыққан.

Немесе мектеп жүйесінде де, университеттерде де «Қазақ әдебиеті» мен «Қазақ тілі» пәнінің классикалық бағыттары, бөлімдері жеке-дара өтпей, табиғаты бұдан, дүбара дүниеге айналғанын мамандар талай рет көтерді. Бірақ нәтиже жоқ. Таяуда бір ата-ана 25 жылдай бұрын өзі оқыған «Қазақ әдебиеті» оқулығы мен бүгін баласы оқып жатқан оқулықты салыстырып көрсетті. Бүгінгі 7-8-сынып материалы бастауыш мектеп деңгейіндей-ақ болып тұр. Классиктерден біреу де жоқ, жай ғана танымдық нәрселер...

Бүгінде жекелеген мектептер өз бетінше факультатив ретінде түрлі қосымша сабақтар жүргізеді. Оның үстіне тереңдетіп оқыту, бейінділікке байланыстыру, т.б. түрлі желеу-

Егер бала мектепте қағаздан миы ашыған, әртүрлі тренингтен санасына ештеңе қоспаған мұғалімді көрсе, отансүйгіш, ғылымсүйгіш болып шыға ма?

мен жүргізілетін репетиторлық оқыту сапасын тексеру, бақылау іс жүзінде мүмкін де емес. Жалақыны ғана ойлаған жекелеген мұғалімдердің білігі сын көтермейді.

Мұғалім түрлі қисынды-қисынсыз курстардың соңында жүрсе (сертификат үшін), мектепте үзіліссіз тәрбиені кім жүргізеді? Бұған осыдан шамалы уақыт бұрын мемлекеттің малын шашпаққа құрылған ағылшын тілі курсын мысалға алсақ та жеткілікті. Қайда соның нәтижесі?..

Енді ХХ ғасырдың 60–70-жылдарындағы қазақтың қалың интеллигенциясын оқытқан мектеп мұғалімдерін еске алыңыздар. Соның көбі майдангерлер еді. Санаға шегелеп түсіндіретін, тәртіпті де мықтап бойға сіңіретін. Енді салыстырыңыз: солар курс-курс, сертификат-сертификат деп формальды қағаз жинап жүрсе, қалай болар еді? Олар өздері бас болып еңбекпен тәрбиелеудің де үлгісін көрсетті...

Әртүрлі мектеп әртүрлі орта қалыптастырады. Психологиясы, болмысы, сана-сезімі түрліше орныққан жастарды бір қоғамға біріктіру оңайға түспейді.

Әрине, білім туралы заң мен заңдық құжаттарда орта білімнің түрлі формасы енгенін де білеміз. Сондай-ақ, оқушыларға берілетін пәндер де белгілі бір жүйеге бағындырылатынын түсінеміз. Дегенмен, осы мәселеде ұлттық және өркениеттік мазмұн салмақты болуға тиіс.

Оның үстіне баланың бірі НИШ, бірі «Дарын», бірі БИЛ, бірі лицей, бірі гимназия, бірі жай мектеп боп кете беретін ала-құла мәртебелі орта білім жүйесінде оқыса, біз қалайша қолжетімді оқу орнын, әділетті қоғамды, мықты мемлекетті құрамыз? Қайтіп біртұтас ел боламыз?

Мемлекеттік сектордағы, жеке меншіктегі, қазақ, орыс, аралас, түрлі этностық, желілік, интеллектуалдық, мамандандырылған, тереңдетіп оқытатын, дарынды балалар мектептері мен лицейлері үшін жалғыз – бірыңғай бағдарлама жасалғаны жөн.

Сонымен бірге, мемлекеттік сектордағы, жеке меншіктегі, қазақ, орыс, аралас, түрлі этностық, желілік, интеллектуалдық, мамандандырылған, тереңдетіп оқытатын, дарынды балалар мектептері мен лицейлері үшін жалғыз – бірыңғай бағдарлама жасалғаны жөн деп ойлаймыз. Сонда ғана мектеп айырмашылығы жойылып, білім алушыларды алау, қолжетімділікке жасанды тосқауыл қою болмайды. Нарық жағдайында осының өзінен жақсы нәтиже көрсететін мектептер шығатыны сөзсіз. Мектеп желілерін дамыту әлеуметті жікке бөлуге емес, халықты ортақ міндетті орындауға біріктіріп, жақсылыққа жұмылдырады деп ойлаймыз. «БІР ЕЛ – БІР МЕКТЕП» қағидасының мәні – осы. Өлемдегі дамыған, өркениетті елдердің тәжірибесі бұған дәлел бола алады.

Әділетті Қазақстанда, біртұтас, тату елімізде мектеп тапшылығын кешенді түрде шешу жолында ұлттық жоба қолға алынып жатыр. Ол «Жайлы мектеп» деп аталады. Дәлірек айтсақ, елімізде 2023–2025 жылдары жаңа үлгідегі 369 мектеп салынады. 738 мың орын ұсынатын білім ордаларында оқушыға толық жағдай жасалынбақ. Әрине, қоғамды оқытатын үй-жаймен, оқыту құрал-жабдықтарымен қамтамасыз ету – мемлекетіміздің шынайы қамқорлығы, үлкен көмегі. Ал мектептің мазмұны, әдістемесі, оқу-тәрбие ісі – одан да маңызды міндет деп білеміз. Өйткені, Отанымызға әлемдік бәсекеге қабілетті, білімді, ынтымағы мен бірлігі мықты азаматтар керек. Бұл барша халқымыздың мүддесіне сай келеді.

СЕМИНАР

Абай университетінің Сорбонна–Қазақстан институтында Францияның Орталық Азияны зерттеу институты (IFEAC) мен Францияның Қазақстандағы елшілігінің қолдауымен ұйымдастырылған «Орталық Азияның Француз зерттеулері: қатысушылар және өзекті ахуалы» тақырыбында ғылыми семинар өтті.

Абай университеті өз алаңында француз зерттеушілері арасындағы ғылыми диалогты байыту, білім көкжиегін кеңейту, белсенді білім мен тәжірибе алмасу мақсатында жетекші отандық және француз зерттеушілерінің басын қосты. Іс-шараға Абай атындағы ҚазҰПУ-дың Басқарма төрағасы-ректоры Болат Тілеп, Францияның Қазақстандағы елшілігінің білім саласындағы ынтымақтастық жөніндегі аймақтық аттәшесі Ксавье Ле Торревеллек, Сорбонна–Қазақстан институтының директоры, ҚР Президентінің жанындағы Ұлттық құрылтайдың мүшесі, Адам құқықтары жөніндегі комиссияның мүшесі Айнұр Сәбитова, француз ғалымдары – Сорбонна–Қазақстан институтының негізін қалаушылардың бірі Катрин Пужоль, IFEAC директоры Адриен Фов, институттың әріптес-профессоры Оливье Феррандо, Орталық Азия тарихы бойынша көптеген еңбектердің авторы Ксавье Аллез, жас зерттеушілер мен докторанттар қатысты.

Болат Тілеп семинардың маңыздылығына

СОРБОННА–ҚАЗАҚСТАН ИНСТИТУТЫ
Орталық Азияда теңдесі жоқ бірегей бірлескен жоба

тоқталып, Сорбонна–Қазақстан институтын бүкіл Орталық Азияда теңдесі жоқ бірегей бірлескен жоба екенін атап айтты. «Осы уақыт ішінде институт сүбелі жетістікке жетті. Атап айтқанда, қос дипломдық бағдарлама мен студенттердің өзара алмасу тәжірибесі жаңа деңгейге көтерілді. Институт жоғары деңгейдегі халықаралық іс-шаралар алаңы мен түлектеріміз үшін жаңа кәсіби баспалдақ болды. Десек те, бүгінде университет пен елдің өз талабы, нақты мүддесі бар. Бұл – Сорбонна–Қазақстан институтына ерекше жауапкершілік жүктейтін жаңа формациядағы педагогтарды даярлау. Француздық әріптес-

терімізбен бірге ғылыми-зерттеу мен білім беру бағдарламасы, соның ішінде тіл білімі саласында үлкен бастамаларды көтеретін уақыт келді деп ойлаймын», – деді ректор.

Семинарда осы саладағы зерттеудің өзекті тақырыбы талқыланып, заманға сай зерттеу бағыттарына шолу жасалды, Орталық Азиямен байланысты ғылыми жұмыс пен жобалар ұсынылды. Қатысушылар арасындағы пікірталас пен диалогтар тәжірибе мен идея алмасуға қызмет етті. Семинардың қос тарапқа да өте жемісті әрі пайдалы болғаны айтылды.

А.ҚЫДЫРБАЙҰЛЫ.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ
ДАМИДЫ

«Сорбонна–Қазақстан институтының негізін қалаушылардан Қазақстан мен француз ғалымдарының ынтымақтастығы жайында сұрадық: «Бүгін – ерекше күн, өйткені бүгінгі семинарда француз зерттеушілерін кездестіруге болады. Бұл – бірнеше күннен бері Алматыда өтіп жатқан ғалымдардың үлкен съезі. Абай атындағы ҚазҰПУ-дың жаңа ректорын қарсы аламыз. Бұл – біздің ынтымақтастығымыздың жаңа кезеңі, ISK-ның да, Абай атындағы ҚазҰПУ-дың да одан әрі дамуына жаңа серпін бергенін қалаймыз. ISK студенттерімен бірге жұмыс істейтін зерттеушілерді Францияда жұмысқа орналасуы мен оқуына жол ашатын жаңа перспектива күтуде. Француз университеттерінің кейбір оқытушылары ISK мен Абай атындағы ҚазҰПУ-мен бірлесіп жұмыс істеуде. Біз ISK студенттерінің осы алмасуға қатысу мен осы ынтымақтастықты одан әрі дамыту мүмкіндігіне ие болғанын қалаймыз», – деді Катрин Пужоль мырза.



МҰРАЖАЙ

Ғабит МҮСІРЕПОВ:

«Әдебиет пен өнер ұлы болмаған жағдайда ұлт ұлы боп есептелмейтінін ұмытпайықшы»

МУЗЕЙДЕГІ КИНОЗАЛ

Қазақ әдебиетінің классигі, халық жазушысы Ғабит Мүсіреповтің өмірінің соңғы 17 жылында (1968–1985) тұрған ыстық ұясы – қазіргі таңда жазушы өмірі мен шығармашылығынан сыр шертетін, қазынаға толы музей-үйі.

Бұл музей-үйі қалалық Мәдениет басқармасының, Музейлер бірлестігінің қолдауымен 2021 жылы толықтай жөндеу жұмыста-

рынан өтіп, экспозициясы жаңартылды, заманауи инновациялық-техникалық құралдармен толықтырылып, қазіргі таңда келушілеріне қалтқысыз қызмет көрсетуде.

Келушілерді тың идеялармен, креативті бағдарламалармен қуанту мақсатында музей-үйімізде кинозал ашылған болатын. Жаңарту жұмыстарынан кейін әдеби, мемориалдық бөлімдермен қоса, шағын кинозалдың қосылуы музей келушілерін қуантуда. Әдеби музей-үйіміздің басқа музейлерден ерекшелігі де осында деп білеміз. Бұл кинозалда Мүсірепов шығармаларының желісімен қойылған спектакльдер, жазушы сценарийін жазған көркем фильмдер, сонымен қоса классиктің жеке өмірінен сыр шертетін деректі фильм, бейнебаяндар көрсетіледі.

Проекциялы экранда келушілер сұранысына ие сондай деректі фильм – «Кемеңгердің кешіккен махаббаты» деп аталады. 2006 жылы түсірілген, режиссері Сергей Әзімов. Жазушы Ғ.Мүсірепов пен сүйікті жары – актриса Раиса Мұхамедиярованың арасындағы асау сезім мен махаббат машақаты фильмде Раяның өз аузынан баяндалады. Ғабен туралы жүрекжарды лебіздері, естеліктері айтылады. Ғабенмен алғаш кездескен сәттен соңғы қоштасар сәт аралығы, бір шаңырақ астында ғұмыр кешкен сегіз жыл суреттері көз алдымыздан тізбектеліп өтіп жатады. Фильмде Ғабеннің Раяға жазған махаббат сырларына толы хаттары оқылып, көрушілерді қатты тебірендеті, толғандырады. Көзіне жас алып отырып көргендерге күйміз.



Тағы бір тағдырлы туынды 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістің батыры Амангелді Иманов турасында түсірілген «Амангелді» фильмі. Фильмнің сценарийін жазғандар Ғ.Мүсірепов, Б. Майлин, В.Иванов. Бұл – дыбысталған тұңғыш қазақ фильмі. «Ленфильм» түсірген.

Сонымен қатар, Екінші дүниежүзілік соғыс сарбаздарына арналған «Солдат баласы» новелласын жазған да Мүсірепов. Бұл шағын ғана новелла желісімен соғыс жылдарында қысқаметражды кинокартина түсіріліп, АҚШ-та кеңестік фильмдердің үзінділерінен құрастырылған толықметражды фильм болып жинақталған.

Лиро-эпостық жырдың көркем көрінісі деп танылған, ғашықтық дастаны «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырының желісі бойынша түсірілген көркем фильм – «Махаббат дастаны» (режиссері Ш.Айманов). 1954 жылы Алматы киностудиясында түсірілген. АҚШ-та фильмнің «A poem about love» («Махаббат туралы дастан») атты көрсетілімі өткен. Қазақ кинематографиясының асқаралы бір шыңы «Қыз Жібек» фильмінде де (С.Қожықов, Ғ.Мүсірепов) тартысқа толы

махаббат трагедиясы, жақсылық пен жамандық, сүйіспеншілік пен қызғаныш сияқты қарама-қайшылық концепциялары көрініс табады. Қазақстандағы XX ғасыр басындағы аумалы-төкпелі кезең суреттелетін «Кездеспей кеткен бір бейне» драмалық көркем фильмі де, Ғабеннің әңгімесі желісінде түсірілген, драма мен шытырман оқиғаға толы «Қауын» фильмі де көрермен қауымның көңіліне жол тапқан туындылар.

Аталған фильм топтамалары келушілердің сұранысына, ыстық ықыласына ие. Қазақтың драма, кино, опера өнерінің дамуына зор үлес қосқан даңқты жазушы Ғ.Мүсірепов туындылары өзінің өміршеңдігімен, өзектілігімен оқырман-көрермен қауым көңілін баурап алады. Келушілер үшін музей кинозалының есігі әрдайым ашық. Мүсірепов айтқандай: «Әдебиет пен өнер ұлы болмаған жағдайда ұлт ұлы боп есептелмейтінін ұмытпайықшы!».

Мәлдір САҒЫМБАЕВА,
С.Мұқанов пен Ғ.Мүсіреповтің
әдеби-мемориалдық музей кешенінің қызметкері.

ТАНЫСТЫРЫЛЫМ

БЕКЗАТ ӨНЕР СЫР ШЕРТЕДІ



Абай атындағы Қазақ ұлттық опера және балет театры шаңырағында «Қазақ балетіне – 89 жыл» арт-альбомының таныстырылымы өтті. Әдемі көмкерілген альбомға еліміздің кәсіби хореографиялық өнері айдынында 90 жыл бойына қойылған ұлттық спектакльдердің бүкіл тарихы құндақталған.



Нұржамал
ӘЛШЕВА

Бас-аяғы бір жылда жинақталған арт-альбомға еліміздің барлық театры мен би труппаларының бүкіл ұлттық спектакльдеріндегі көріністерін бейнелейтін 65 авторлық сурет-иллюстрация енген. Иә, мұражай, театр және мұрағаттардан алынған сирек кездесетін фотосуреттер мен мәтіндер негізінде жасалған түрлі-түсті кітап өнерсүйер қауымды баурап алары сөзсіз. Оның кітап болып қатталып шығуына Qazaq Ballet Creative Lab-тың және Нұрсұлтан Назарбаев қоры қолдау көрсеткен.

– Мен былтыр Санкт-Петербургтегі мемлекеттік университеттің магистратурасын бітірдім. Онда ғылыми жұмысымның бір бөлігі ретінде Қазақстанның ұлттық балеттерін зерттеген болатыным. Магистрлік диссертацияны жазу барысында еліміздің ұлттық хореографиялық өнерінің дамуын тереңірек түсіну үшін түрлі дерек-көздерге жүгіндім. Сонда қолға ілінген әдебиеттерде қазақ балеті туралы иллюстрациялық бейне, фотоматериалдардың жеткіліксіздігін байқадым. Сондықтан көп дүниені елестетуге тура келді. Осы жобаны жүзеге асырудың арқасында қазақ балетінің бай тарихын жаңғыртуға мүмкіндік туды. Біз қазақ музыкалық-хореографиялық өнерін визуалды кескіндеме және хореография арқылы сақтап, танымал етуді мақсат еттік. Альбом жұмысына отандық өнер қайраткерлері – суретші Жаннат Баймұханова мен дизайнер Гүзель Нұрымбетова да атсалысты, – дейді «Қазақ балетіне 89 жыл» арт-альбомының жетекшісі Тоғжан Молдалім.

Рухани, мәдени іс-шараға келген меймандарға Жаннат Баймұханованың аталған арт-альбомға енген, осынау бекзат өнерден сыр шертетін суреттерінен құралған көрме ұсынылды.

ӨНЕР

Әбілхан Қастеев атындағы Мемлекеттік өнер музейі мен Қазақстан Республикасының ЮНЕСКО істері жөніндегі ұлттық комиссиясының қолдауымен «Cultural Dialogue» қоғамдық қоры қала күніне арнап «ALMA» көрмесін ұсынған болатын. Көрме әлі жалғасуда, 16 қазанға дейін келіп үлгеріңіздер.

«ALMA» көрмесіне көз тояды

Экспозиция музей қорындағы 40-қа жуық суретті, графика мен мүсін туындыларын бір тақырыпқа топтастырған. Басты тақырыбы, әрине, алма. Ал ару Алматының атауы осы жеміспен тығыз байланыстырылатынын білеміз. Бүгінгі күні ғылым бүкіл әлемге тараған алманың 2500-ден астам сұрыпының түп тегі Сиверс жабайы алмасы екенін дәлелдеді. Бұл алма елімізде Алатаудың баурайында және Орта Азияның таулы аймақтарында өседі.

Көрмеде Қазақстанның көркем бейнелеу өнері шеберлерінің бірнеше буыны шоқ жұлдыздарының жайқалған бақтардың, алынған мол өнімдер мен жемістердің сұлулығын көрсететін шығармалары ұсынылады.

Экспозицияда қазақ натюрмортының негізін қалаушы, алғашқы кәсіби суретші Айша Ғалымбаеваның картиналары ерекше орын алады. Оның көптеген сәндік жарқын «шырынды» композицияларында «алмаға» басымдылық берілген. Дәл осы натюрморт заңды түрде осы көрме кеңістігінде басым жанрға айналады. Абрам Черкасскийдің гүлдері мен жемістерінің бейнесі түстердің еркіндігімен және қанықтығымен толыққан. Леонид Леонтьев реалистік әдістен бастап авангардтық тәсілге дейінгі бейнелеу құралдарының ауқымын кеңейтеді. Театрға жаны-



мен берілген Владимир Колоденко барынша мәнерлілік іздеп, шығармаларда ерекше сәнділік пен стиль айшықтығына қол жеткізеді.

Гүлденген бақтар Алексей Степанов, Абрам Черкасский, Загрудин Назырұлы үшін де өзіндік тақырыпқа айналған. Әр шығармада авторлық қолтаңбаның даралығын айқындайтын ерекшеліктер көрініс тапқан.

Бірқатар шығармалар жанрлық композицияларға жатады. Ғани Баяновтың «Жемістер» еңбегінде ұрпақтар жалғастығының байланысы, сабақтастықтың үздіксіз тізбегі байқалады және алма маңызды символға айналады. Жастық шақ пен сұлулыққа толы жеміс жинаушылардың бейнесін Евгений Умысков, Айша Ғалымбаева және Мария Лизогуб әдемі жасаған.

Алманы танымның, өмірдің, отбасының символы ретінде көп мағынада түсіндіру оны мифтерде, аңыздарда, фольклорда кездейсоқ туындамайтын архетиптерге жатқызуға мүмкіндік береді. Табиғаттың осы бір ғажайыбының бірегей пішіні, түсі, хош иісі мен дәмі – әлемдік және қазақстандық өнердің шабыт көзі.

Нұр ЖАМАЛ.



ТҰЛҒАТАНУ

ТҰРМАҒАМБЕТТІ ҚАЙТА ТІРІЛТКЕН

зерттеуші-ғалым Мардан Байділдаев еді

1926 жылдың күлімдеген көктемінде қазіргі Қызылорда облысының Жалағаш ауданындағы іргелі ауылдардың бірінде дүрілдеген үлкен той болып жатты. Той иесі осындағы Жетіру-Керейіт деген елден шыққан нағыз «шынжыр балақ, шұбар төстің» өзі, атақты би – Келдібай би болатын. Ауылдың үлкен-кішісі бар, сырттан келген қонақтар бар, алты ай қыстың әлегінен енді босап шыққан мезгілде өтіп жатқан шілдеханаға жұрт шын ынта-ықыласымен жиналды. Атақты бидің бәйбішесі ұл тапқан еді.

Алты ай қыстың аяғы бітіп, күн жылына бастағанда жолға шыққан белгілі акын Тұрмағамбет Ізтілеуов Ақмешіттен елге қарай қайтып келе жатқан болатын. Жол үсті болған соң, өзінің ағасы Келдібай бидің ауылына қарай ат басын бұрады. Қалың елге кеңінен танымал акын келгенде, ауылдағы той қызып жатқан еді. Тұрмағамбет ақынды ел-жұрт қуана қарсы алды.

– Көнекөз қариялардың айтуынша, Келдібай би «Құтты қонақ келсе, қой егіз табады» деген жоралғымен Тұрмағамбетке өтініш айтып, баласына ат қойдырады. Сонда Тұрмағамбет өзінің қиялын тербеп жүрген парсының атақты «Шаһнамасындағы» үлкен батырдың бейнесі Шаһмарданның аты аузына түсіп, үш рет құлағына айғайлап, азан шақырып жаңа туған нәрестеге Шаһмардан деп ат қойыпты. Бұл бала кейіннен үлкен зерттеуші-ғалым болған өзіміздің Мардан Байділдаев еді. 50-жылдардың аяғында байдың тұқымы, бидің баласы деп қудалауға түсіп жүрген сәттерінде өз есімінің басындағы «Шаһ» сөзін айтпай, ел арасында Мардан болып аталып кетіпті, – дейді жыршы-өнертанушы, филология ғылымының кандидаты Берік Жүсіпов.

Тұрмағамбет ақынның қиялын тербеп жүрген Шаһмардан бейнесі парсының атақты ақыны Фирдоусидың «Шаһнамасынан» алынған еді. Бір қызығы, арада он жыл уақыт өткенде Тұрмағамбет Ізтілеуовтің осы «Шаһнаманы» аударуына тура келеді.

Кеңес Одағының кезінде өнер мен әдебиетке жақсы көңіл бөлінетін еді. 1934 жылдың айналасында бүкіл Кеңес Одағы болып әйгілі парсы ойшылы, ұлы акын Фирдоусидың 1000 жылдық мерейтойын атап өтіп жатты. Осыған орай одақтас елдердің белгілі ақындары Фирдоусидың атақты «Шаһнамасын» өз тілдеріне аударып бастаған болатын. Қазақ тіліне аудару тағдыр жазып, Тұрмағамбет Ізтілеуовтің еншісіне бұйырды.

Сыр сүлейі атанған Тұрмағамбет ақынның «Шаһнаманы» аударуына оның өзінің шәкірті болған белгілі қоғам қайраткері Темірбек Жүргенов себеп болған еді. Фирдоусидың 1000 жылдығына орай «Шаһнаманы» аудару қолға алынғанда, парсының белгілі ғалымы Садриддин Айни де, қоғам қайраткерлері Мирзоян мен Темірбек Жүргенов те қазақ тіліне аударуды Тұрмағамбетке тапсырған жөн деп тапты. Тұрмағамбет «Шаһнаманы» 10 айда аударып шығады.

– 1936 жылы он айдың ішінде «Шаһнаманы» аударып шыққаннан кейін үкімет Тұрмағамбетке 500 сом көлемінде зейнетақы тағайындайды. Бірақ оған бұның зейнетін көру бұйырмады деуге болады. Осы арада айта кететін нәрсе – Тұрмағамбет өзінің әйгілі ұстазы Фирдоусидың тағдырын қайталап шықты. Махмұд Ғазнауи сұлтанның ұсынысымен Фирдоуси «Шаһнаманы» жазғанда, Ғазнауи оған 1000 дінді алтын беруге уәде еткен еді. Алайда, сұлтанның қаһарына ұшыраған Фирдоуси қажып, өзінің туған жері – Тус қаласында өмірден өтеді. Сол кезде баяғы бермек болған алтынның орнына он түйеге артылған күміс қала қақпасының бір шетінен кіріп келе жатыр еді. Ал бұл уақытта Фирдоусидың табыты салынған керуен қаланың екінші қақпасынан шығып бара жатқан болатын. Тұрмағамбеттің басынан да дәл осындай жағдайды көруге болады, – дейді ғалым Серікбай Қосан.

Шынында да, «Шаһнаманы» аударып болған Тұрмағамбетті 500 сомның орнына абақты күтіп тұрған еді. Ол өзі бұрын 1931 жылы бай-феодалдарды қуғындау науқаны кезінде де Қармақшы мен Қазалы түрмелерінде отырып шыққан болатын.

Қуғын-сүргін жылдарында Темірбек Жүргенов «халық жауы» атанып ұсталып кеткен соң, «үш әріптің» адамдары



оның жұмыс үстелінің үстінен Ахмет Байтұрсынов пен Тұрмағамбет Ізтілеуовке қазақ әдебиеті мен мәдениетіне сіңірген еңбегі үшін тағайындалған өмірлік зейнетақы туралы шығарылған шешімді тауып алады. Осыдан кейін олар «жапон шпионы» болған «халық жауымен» байланысың бар деген желеумен Тұрмағамбеттің ізіне түседі. Бұрын да түрме дәмін татқан Тұрмағамбетті тағы да темір тор күтіп тұрды.

– «Жапон шпионымен» байланысың болды деген әңгімемен түрмеде Тұрмағамбеттің жасына да, ел алдындағы атақ-абыройына да қарамай, ұрып-соғып, кинап, мойындату-дың түрлі амал-айлаларын жасайды. Солардың кесірінен аурулы болған Тұрмағамбет елге келген соң көп ұзамай, 1939 жылы дүние салды, – дейді филология ғылымының кандидаты Берік Жүсіпов.

1926 жылы Ақмешіттен қайтып келе жатқанда, шілдехана үстінен түсіп, өзі атын қойған бала – Мардан Байділдаев кейіннен қазақтың үлкен фольклортанушы ғалымы болып шықты. Тұрмағамбеттің сол уақыттағы сенімі алдамаған еді. Мардан Байділдаев 1957 жылы Тұрмағамбеттің ауылына барып, ағайын-туғандарының рұқсатымен Сыр сүлейі өзі көзі тірісінде көмдіріп кеткен қолжазбаларын қазып алады. Бұл – 35 дәптерден тұратын атақты «Шаһнаманың» қолжазбасы болатын.

– Мардан Байділдаев Сыр бойының өнері десе, жалпы мәдениет пен өнер десе ішкен асын жерге қоятын адам еді. 1937 жылдың құрбаны болған қаншама қайраткердің ақталып шығуы мен олардың қайтадан тарихқа енуіне ол кісі орасан зор еңбек сіңірді. Қарапайым тірлік кешкен Мардан өзінің қоңырқай өміріне қарамастан, қуғын-сүргін құрбандарының әйелдері мен ұл-қыздарын, тіпті, өзінің жеке ақшасына қажет жеріне алып барып, алып келіп жүрді. Оған талай жұрт куә бола алады, – дейді зерттеуші-журналист Тынышбек Дайрабай.

Қарап тұрсаң, өмір деген нәрсе адам біліп болмайтын беймәлім бір байланыстардан тұрады. Жаңа туған нәрестеге Тұрмағамбеттің Шаһмардан деп ат қоюы, кейіннен оның сол кейіпкер бейнеленген «Шаһнаманы» аударуы, артынан сол Фирдоусидың тағдыр-талайын кешуінің арасында белгісіз бір байланыстар жатқан сияқты. Тіпті, Тұрмағамбеттің өзінің қайта тірілуіне себеп болған Мардан Байділдаев еді.



Әнуарбек
ИСЛАМХАНҰЛЫ.

«АҚШАМ» – 35



ЖЕМІСТІ ЖЫЛДАР

«Алматы ақшамы» «Вечерканың» көшірмесі болған жылдары мен Алматы жоғары партия мектебінің күндізгі бөлімінде оқып жүргенмін. Екі басылымды да Максим Темірболатұлы басқаратын. Әселхан ақынның жырлауы қоғамға қозғау салып, ұлт зиялыларының талабының арқасында «Алматы ақшамы» дербестік алып, алғашқы редакторы ақкөңіл, аңқылдаған азамат Исламғали Бейсебаев болды. Одан кейін алдында макет, сызғыш, қаламнан басқа бірде-бір артық зат қоймайтын сері десем де, сырбаз десем де болатындай Ерғали Сағат Бас редактор болып келді.

Партмектепте жүргенімде тәжірибеден өтуім үшін деканамыз Зейнолла Әйтімов Бас редактордың бірінші орынбасары Бакытжан Жиенғалиға жіберді. Ол кісінің айтуымен Бейсебаевқа бардым. «Ақшам» күн сайын шығатындықтан, материалдарды реттеп отыр екен. Мені асығыс тыңдады да, Баян деген хатшы қызға Бекзакты шақыр деді. Сол жерде Бекзак Омаровпен таныстым. «Тәжірибеден өтушіге қорытатын хаттар бер, өзін де мыналарды дайында», – деп қысқа қайырды. Кабинетке барысымен машинкаға отыра қалып, қолыма тиген бір хатты тез өңдеп бердім. Одан кейін алдыма қойылған хаттардың бәрін дайындап шықтым. «Хаттарды жеп жатырсың ғой», – деп, Бекзак риза болды. Мен өңдеген оқырман хаттарының бәрі сол күнгі нөмірге шықты. Қаланы аралап материалдар жаза бастадым. Ерғали Сағат бас редакторлық қызметіне кіріскенде декреттік демалыста жүрген Саркыт Ысқақтың орнына уақытша тілшілікке қабылдандым. Біртіндеп өзіме тұрақты орын табылып, қызмет баспалдақтарына көтеріле бердім.

Бірде қалалық атқару комитетінің сессиясына Бекзак екеуіміз есеп жазуға бардық. Алматының эмблемасын қабылдау талқыланып жатты. Төраға Заманбек Нұрқаділов барыстың бейнесін ұсынды. Бірден Артамонова деген депутат өре түрегелді. «У барса нет национальности» деп, Нұрқаділов қарсы болғандардың бәрінің аузына құм құйды!

Заманбек Нұрқаділов мені жыға танымаса да, ол кісінің тапсырмаларын орындап жүрдім. Мәселен, «Крамдс» банк партиялық миллиондаған жарналарды жеп кеткен екен. Те дегенмен айтыс басталды. Теден қаражатты қайтарып алу үшін қажетті сөздерді аты-жөнімді көрсетпей, оқырмандардың пікірі ретінде өзім жазып отырдым. Нұрқаділовтің үндеу жасауы Он екінші сайланған Парламентті таратты. Депутат Амантай Біртанов та Заманбек Нұрқаділовтің ісін қайталап, қалалық комитеттің өзін-өзі таратуына ықпал етті.

Бұл менің өткен күндерден естелігім болса да, ескірмейтін естелік. Үнемі жадымда ұлтжанды азаматтардың есімдері жаңғырып тұрады. «Алматы ақшамында» 15 жыл қызмет етіпін. Бірге қызметтес болғандардың арасынан жүйрік журналист Раушан Имашеваны, қаламы қарымды Зейнолла Абжановты, курстасым Жексен Алпартегі, журналистикадан ғылымға бет бұрған, бүгінде профессор, филология ғылымының докторы Әнуар Тарақты әрдайым құрмет тұтамын.

Келместің кемесіне мініп кеткен Исламғали Бейсебаевты, Бакытжан Жиенғалиды, Ерғали Сағатты, желтоқсаншылар – Құттыбек Аймахан мен Шолпан Жұмаділованы, Шәмшия Ақмерованы, Махамбет Мәшкеновты, құрдасым Саркыт Ысқақты ешуақытта ұмытпаймын.

Бейбіт ЖҰМАЖАН,
Қазақстанның Құрметті журналисі.



ҚАУІПСІЗДІК

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ,
БАЛАЛАР!

Жастар мен кәмелетке толмағандар тарапынан құқықбұзушылықтардың, қылмыстардың алдын алу, жолын кесу және бақылаусыздық деректерін болдырмау және де теміржол объектілерінде балалардың жазатайым оқиғалардан жарақаттануының алдын алу мақсатында 2023 жылдың тамыз айының 27-сінен бастап, қыркүйек айының 30-ы аралығында ҚР ІІМ Көліктегі ПД Қонаев станциясындағы Желілік полиция бөлімі қызмет көрсету учаскелерінде «Назар аударыңыз, балалар!» жедел-профилактикалық іс-шарасы өткізілуде.

«Назар аударыңыз, балалар!» жедел-профилактикалық іс-шарасын жоғары деңгейде өткізу үшін арнайы жоспар бекітілген. Бекітілген жоспар бойынша әкімшілік құқықбұзушылықтар жасайтын кәмелетке толмағандарды анықтау бойынша іс-шаралар қамтамасыз етіліп, оның ішінде алкогольдік ішімдіктер ішу, ұсақ бұзақылық жасаған және түнгі уақытта заңды өкілдерінің еріп жүруінсіз ойын-сауық орындарында, үй-жайдан тыс болғандарын анықтап, олардың ата-аналары әкімшілік жауапкершілікке тартылатын болады.

Осыған орай, ҚР ІІМ Көліктегі ПД Алматы-1 станциясындағы Желілік полиция басқармасы қала тұрғындарын, әсіресе, теміржол маңына жакын тұратын азаматтар өздерінің кәмелетке толмаған балаларын қараусыз қалдырмай, қылмыстық және әкімшілік жауапкершіліктен аулақ болуын қадағалауды ескертеді.

А.АҚМОЛДАЕВА,
Алматы 1 ст. ЖПБ ӘПБ аға инспекторы,
полиция майоры.

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

ТАБИҒИ МӨР

1 қаңтардан бастап қазақстандықтар
саусақ іздерін тапсыруға
міндеттеледі

2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап қазақстандықтар міндетті дактилоскопиялық тіркеуден өтеді. Бұл туралы Ішкі істер министрлігінде өткен апталық баспасөз мәслихатында ІІМ Көші-қон қызметі комитетінің аға инспекторы Нұржан Жаңабаев мәлімдеді.



Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

ІІМ өкілінің айтуынша, саусақ іздерін алу процесінен бас тартқаны жағдайда азаматқа Әкімшілік құқық бұзушылық кодексінің 443-1-бабына сәйкес жаза қолданылады.

«12 жасқа дейінгі балалардан басқа, Қазақстан Республикасының барлық азаматтары және Қазақстанда тұрақты тұратын шетелдіктер дактилоскопиялық тіркеуге жатады. 12 жасан 16 жасқа дейінгі балалар дактилоскопиялық тіркеуден ерікті негізде өтеді. Саусақ іздерін алу Халыққа қызмет көрсету орталықтарында жеке куәлікті, паспортты, шетелдіктің елде тұруға ықтияхатты және азаматтығы жоқ адамның куәлікті ресімдеуі кезінде жүргізіледі», – деді Н.Жаңабаев.



СІЗ БІЛЕСІЗ БЕ?

Саусақ іздері криминалистика әлемінде маңызды рөл атқарады. Ғалымдардың айтуынша, адамның саусақ іздері ана құрсағында жатқан күннен 24-ші аптада қалыптасады. Сондай-ақ, адамның саусақ іздері өмірінің соңына дейін мүлде өзгермейді.

«ALMATY AQSHAMY»
ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне
2023 жылға жазылу жүріп жатыр!

«ALMATY AQSHAMY» – алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

«ALMATY AQSHAMY» жарияланымдары мектептерде, колледждер мен университеттерде оқылады, әлеуметтік желілерде зерделеніп, талқыланады.

**БІЗ газетімізді асыға күтетін
оқырмандарымызбен және тұрақты
авторларымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!**

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде, «Евразия Пресс» агенттігі», «Эврика Пресс» пен «Дауыс» ЖШС-нің өкілдіктерінде жазылуға болады. Бізді almaty-akshamy.kz сайтынан да оқыңыздар!

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ
2023 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503 (жеке жазылушылар үшін) 1 айға – 600,50 теңге, 3 айға – 1801,50 теңге, 4 айға – 2402 теңге
15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін) 1 айға – 1620,50 теңге, 3 айға – 4861,50 теңге, 4 айға – 6482 теңге
95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін) 1 айға – 440,50 теңге, 3 айға – 1321,50 теңге, 4 айға – 1762 теңге

Анықтама үшін телефондар:
8 (727) 293-08-12, 293-08-25.

ХАБАРЛАНДЫРУ

ҚҰРМЕТТІ
ОҚЫРМАН!

Енді «Almaty aqshamy» газетіне жазылу үшін post.kz сайты немесе мобильді қосымшасын пайдаланып, онлайн ресімдеуге болады. Жылдам іздеу жолағында сіз қажетті басылымды тауып, жазыла аласыз. Рәсімдеу үшін сізге жиынтықтардың санын, жазылу мерзімін көрсетіп, кез келген банктің банктік картасымен төлем жасау керек. Баспа басылымдарын жеткізу ресімдеу кезінде көрсетілген мекенжай бойынша жүзеге асырылады. Қызмет түрі 24/7 қолжетімді. Жазылу индекстері мен жазылу құны «Almaty aqshamy» баспа нұсқасына жазылумен бірдей.

Баспа басылымдарын жеткізу ресімдеу кезінде көрсетілген мекенжайыңыз бойынша Post.kz қызметі арқылы жүзеге асырылады.

«Almaty aqshamy» газеті Алматы мен Астана қалаларына, сондай-ақ, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарына тарайды.

ЕГЕР:

* мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін
десеңіз;
* бизнесте мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе;
* әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз

«Almaty aqshamy» газетіне
ЖАРНАМА беріңіз де, ТАБЫСКЕР болыңыз!

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласып, қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:
8 (727) 293-08-12, 293-08-25.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

ЕГЕР:

* құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса;
* құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, мұрагерлік және басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, Бізге хабарласыңыз!

«Almaty aqshamy» жарнама бөліміне хабарласыңыздар:
8 (727) 293-08-12, 293-08-25.
Барлық сауалдар бойынша жұмыс күндері
сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін



Бас директор –
Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ
Қабылдау бөлмесі:
тел: 293-08-03.

Бас директордың орынбасары –
Абдухалил ЖАЛИЛОВ
тел: 293-08-03 (ішкі 102).

Бас директордың шығармашылық
жөніндегі орынбасары –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА
тел.: 293-04-28.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК
тел: 293-52-36.

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ
тел: 293-52-43.

Жаңалықтар мен ақпарат
бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің
редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және
тұрғын үй-коммуналдық
шаруашылық бөлімінің
редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел: 293-52-36.

Коммерция бөлімінің жетекшісі –
Куаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел: 293-08-12.
e-mail: d_kuanys@mail.ru

Жарнама және
тарату бөлімінің менеджері –
Әсел ТАШИБАЕВА
e-mail: dalemesh@vecher.kz
тел: 293-08-12.

Шығармашылық даму
жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ.

Газетті жеткізу бойынша
шағымдар болса, «Қазпошта» АҚ
Алматы почтамтына:
+7 707 932 39 18 телефондары
арқылы хабарласыңыз

Almaty
AQSHAMY

Республикаға тарайтын қоғамдық-
саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Almaty Akshamy» ЖШС.
almatyagparat@mail.ru
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.


Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі
күндері шығады.
Апталық
таралымы – 18 663

Кезекші редактор –
Гүлжанат СЕМБАЕВА

Газет Қазақстан Республикасының
Ақпарат және қоғамдық даму
министрлігінің
Ақпарат комитетінде тіркелген.
Тіркеу туралы
№КЗ80ВР00026040
куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның
компьютер орталығында теріліп,
беттелді.
Суреттердің сапасына
редакция жауапты.
Жарнама мәтініне жарнама беруші
жауап береді.
Автордың мақалалары редакция
көзқарасын білдірмейді.
Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де
басылды. 050044, Алматы қаласы,
Қалдаяқов көшесі, 17.
Тел.: 273-50-53
Офсеттік басылым,
көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газетінің
электронды нұсқасы
«AIR ASTANA»
әуе компаниясы бортындағы
жолаушыларға қолжетімді.



ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯ

Ертеректе адамдар аспандағы қалықтаған құстарға қарап ұшуды армандады. Ғылым-білімнің қарқынды дамуымен адамзат ұшақ құрастырып, аспанды бағындырды, бұл арманын орындады. Одан кейін арадағы алыс қашықтыққа қарамай хат алмасып, бір-бірін көруді арман етті. Технологиялық жетістіктер мен ғаламтордың арқасында адамдар әлемнің екі шетінде отырып видео, аудио, жазба байланыста отыра алатын мүмкіндікке ие болды, бұл арманына да қол жеткізді.

Ал XXI ғасырдың басынан бастап адамдар өздерінің өмірлерін жеңілдетіп, барлығын өзі істей алатын роботтар мен жасанды интеллект туралы ойлай бастады. Енді міне, адамзаттың кезекті арманы біздің көзімізше орындалып, күнделікті өмірдің бір бөлшегіне айналып бара жатыр.

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ

күнделікті өмірдің бөлшегіне айналып келеді

Досбол
АТАЖАН

Жалпы жасанды интеллектің феномені көпшілікке соңғы 2 жылда айқын белгілі бола бастағанымен, бұл ғылыми жетістік көп жылдардан бері өмірімізге еніп келеді. Осыдан 26 жыл бұрын IBM корпорациясы құрастырған Deep Blue компьютері сол кездегі шахматтан әлем чемпионы Гарри Каспаровты екі рет жеңіп, жасанды интеллектің күшін көрсеткен.

Ал қазір адамзатқа ЖИ-дің (жасанды интеллект) шынайы күшін алғашқы болып паш еткен жобалардың бірі – ChatGPT болды. Сұрағаныңа қарай студент болып диплом жазып не тәжірибелі кәсіпкер құсап бизнес-жоба құрастыратын, дерегін берсең көпшілік алдындағы сөзіңе дейін жазып беретін бұл ЖИ туралы бүгінде халық хабардар. Дегенмен, одан бөлек әлдекімдерге жаңа мүмкіндік беріп, әлдекімдердің кәсібін алмастыруға күші жететін өзге нейрожелілер жоқ емес. Олардың қатарында HeyGen Labs жасанды интеллектісін атап өту қажет. Бұл ЖИ соңғы айларда әлемдік танымалдылыққа ие болды. HeyGen Labs көмегімен бейнежазбадағы аудио тілін басқа тілдерге автоматты түрде ау-

даруға болады. Мұндай технология бұған дейін де болғаны белгілі. Бірақ бұл нейрондық желінің ерекшелігі – ол бейнежазбадағы адамның дауыс тембріні толықтай сақтайды. Сондай-ақ, өзге тілдегі сөздерге қарай спикердің еріндерін бейімдейді. Яғни айтылған ЖИ арқылы кез келген адамды даусын өзгертпей, әлемнің бар тілінде сөйлетуге болады және ол үшін ешқандай күш салудың қажеті жоқ. Бәрін нейрожелі істеп береді.

Инновациялық жаңалықтардың желі қайда соғатынын алдын ала болжап, біліп отыратын Google компаниясы да өз жасанды интеллектісін дамытып келеді. Google ассистент аталған нейрожелі әйгілі Apple компаниясының Siri мен Яндекстің «Алисасына» ұқсас. Десе де, компанияның бас директоры Сундар Пичаи жаңалықтар көрсетілетін презентациялардың бірінде Google ассистенттің өзге бәсекелестерінен нақты айырмашылығын көрсетті. Айтылған нейрожелі қолданушы тарапынан берілген алдын ала тапсырмаға

рай алдағы жылдары жасанды интеллект ірі ақша мен бизнес көзіне айналады деген болжам жасай аламыз.

Айтылған нейрожелілер ұялы телефондағы қосымша не компьютердегі бағдарлама ретінде болса, темірге жан бітіретін роботтардың ішінде орнатылған жасанды интеллектілер де қарқынды дамып келеді. Оның жарқын мысалын израильдік Travel компаниясы көрсетті. Израильдік компания Чилидегі Unifrutti компаниясымен бірге жасанды интеллектісі бар робот-платформа арқылы алма жинады. Ұшатын дрондар қозғалмалы платформаға сым арқылы байланысқан, ал бұл құрылымның барлығын ЖИ басқарады. Дрондар жеміс ағаштарының арасынан ұшып, тек піскен алмаларды адамның көмегінсіз жинап шықты. Жоба әзірлеушілері жасанды интеллектісі бар роботтарды фермерліктің болашағы санайды.

● ТҮЙІН:

Биыл 28 наурыз күні Future of life ұйымының сайтында Tesla, SpaceX және Twitter басымысы Илон Маск, Apple компаниясының негізін қалаушылардың бірі Стив Возняк және Pinterest негізін қалаушылардың бірі Эван Шарп ЖИ жасаушыларға ашық хат жолдады. Сондай-ақ, құжатқа жасанды интеллект саласында жұмыс істейтін 1 мыңнан астам сарапшы қол қойды. Ашық хатта қуатты нейрожелілерді дамытуды кем дегенде алты айға тоқтату қажеттілігі туралы айтылған.

«Біз жасанды интеллектті зерттейтін барлық зертханаларды GPT-4-тен қуаттырақ барлық жүйелерді дамытуды кем дегенде алты айға дереу тоқтатуға шақырамыз. Бұл шынайы орындалуы керек», – деп атап өтті хат авторлары.

Иә, «адамзатты Марсқа жіберемін» дейтін Илон Маск сынды әлемдегі ең озық компания басшыларының бұлай дабыл қағуы бостан бос болмас. Америкалық Goldman Sachs банкінің дерегіне, нейрожелілерді енгізуге байланысты бүкіл әлем бойынша 300 миллионға жуық адам жұмыссыз қалуы мүмкін. Бұл онсыз да күйбең күйде тұрған әсер шапын одан әрі тоздыраы анық. Дегенмен, ата-бабамыз «Жақсы сөз – жарым ырыс» демекші, нейрожелілер адамзатқа игілік алып келер деп сенеміз.

● ӘЛЕМДІК ДОДА

ТОҒЫЗҚҰМАЛАҚ

қазақ ұлтының әлемдік мәдени мұраға қосқан үлесінің жарқын үлгісі

Алматыда ADD үстел теннисі орталығында төрт күн бойы төрткүл дүниеден жиылған оқушылар арасында Тоғызқұмалақтан әлем чемпионаты (U-15, U-17) ұйымдастырылды.

Айнабай
МӘДИ

Әлемдік бәсекенің салтанатты ашылуы Дүниежүзілік және республикалық тоғызқұмалақ федерациясының президенті Әлихан Бәйменов, Қазақстан ұлттық спорт түрлері қауымдастығының президенті Исламбек Салжанов, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Мұрат Әбенюв пен Алматы қаласы спорт басқармасының басшысы Ерден Хайруллиннің қатысуымен өтті.

Құрметті қонақтар тоғызқұмалақтың «тоғыз отауына» әлемдік доданың «жолашар» кәде-жүрісін жасады. Тоғызқұмалақтан рапид пен блиц түрінен мектеп оқушылары арасындағы жаһандық жарысқа 16 елден: Қазақстан, Өзбекстан, Түркия, Румыния, Венгрия, Испания, Қырғызстан, Польша, Тәжікстан, Моңғолия, Ресей, Түркіменстан, Чехия, Колумбия, т.б. елдерден келген 63 спортшы ұл-қыз қатысты.

Мың жылдық тарихы бар ұлттық ойын тоғызқұмалақ – қазақ ұлтының әлемдік мәдени мұраға қосқан үлесінің жарқын үлгісі. 2020 жылы тоғызқұмалақ ЮНЕСКО

КО шешімімен адамзаттың мәдени мұра тізіміне енгізілді. Айта кетерлігі, биыл Тоғызқұмалақ күнінде (9 қыркүйек) Алматыдағы дендропарк аумағында 2028 мектеп оқушысы бір мезетте тоғызқұмалақ ойынын ойнап, Қазақстанның «Гиннесс рекордтар кітабына» енген болатын.

«Тоғызқұмалақ тарихында ерекше оқиға – тұңғыш рет оқушылар арасында дүниежүзілік чемпионат өтуде. Соңғы уақытта бұл ұлттық спорт түрі жаңа биікке көтерілгенін аңғартады. Отыздан астам мемлекетте тұрақты түрде тоғызқұмалақпен айналысатын адамдар бар. Сол жерлерде жарыстар өтіп тұрады. Осыдан бір айдай бұрын Алматыда бір мезетте 2030 бала тоғызқұмалақ ойнап, еліміздің «Гиннесс рекордтар кітабына» енгенін білеміз. Ұлттық ойынымызды дамыту – біздің перзенттік парызымыз. Осы істі өркендетуге қолғабыс тигізіп, демеушілік жасап жүрген іскер азаматтарға, Туризм және спорт министрлігіне, Оқу-ағарту министрлігі мен Алматы әкімдігіне алғыс айтамыз», – деді Дүниежүзілік және Қазақстан тоғызқұмалақ федерациясының президенті Әлихан Бәйменов.



Суретті түсірген Samat SERIKBAYULY.

Алматы қаласы Тоғызқұмалақ федерацияның өкілдерін әңгімеге тартып, «Әлем чемпионаты не себепті оқушылар арасында өткізіліп отыр?» деген сауалға жауап іздегенбіз. Олар мұның сырын былайша сабақтады: «Біріншіден, оқушылар – ең ұйымшыл ұжым. Екіншіден, олар өскен соң жоғары лигада, жоғары топта ойнауға мүмкіндік алады. Сондықтан бұл сайыс – олар үшін әлемдік деңгейге әзірлік», – дейді федерациядағылар.

Шыны керек, тоғызқұмалақ – соншама қонақты қаражатты қажет етпейтін спорт түрі. Бұл ретте Мемлекет басшысының қаржыны аз қажет ететін спорт түрлерін дамыту жайында айтқан тапсырмасы да ескерілді. Оның үстіне, тоғызқұ-

малақпен тұрақты айналысатын балалардың оқу үлгерімі де жақсы болатынын ұстаздардың өзі растап отыр. Логикаға (қисын) негізделген ұлттық ойынның балаларға да берері мол.

Әлемдік деңгейдегі спорт жарысына ең кемі 4 оқушыдан келуі керек. Ең аз келгені – үш ойыншы (Колумбия), көп келгені – қырғыз елінен (8 ойыншы). Бұл жарысқа «алаң иелері» саналатын елімізден 28 ойыншы қатысты. Алғашқы екі күннің қорытындысында Қазақстан командасы рапидте төрт алтын жүлдеге ие болды. Чемпиондар – Махмұтжан Әзімхан, Ернұр Батыр, Айдана Молдабек пен Аяна Исахан.

Сонымен, рапидтан (U-15-үлдар) жарыс қорытындысында

Махмұтжан Әзімхан (Қазақстан) жеңіске жетсе, екінші орынға және бір жерлесіміз Зауытбек Орман ие болды. Қола жүлдеге Нұрел Сұлтаншев (Қырғызстан) пен Орландо Гвидо Вергель Бенитес (Колумбия) қол жеткізді.

U-15-қыздар арасында отандасымыз Айдана Молдабек бірінші орынға көтерілді. Бахиана Тұрғыналиева (Қырғызстан) екінші сатыға нект артса, қос отандасымыз Еркежан Асанқұлова (Қазақстан) мен Мадина Ескайыр (Қазақстан) жүлденің үшінші сатысынан орын алды.

U-17-ұлдар арасында бірінші сатыға қазақстандық Ернұр Батыр ие болса, жерлесіміз Надир Ахметов жүлденің екінші сатысына көтерілді. Қырғызстандық Бейімбет Сейдахметов пен колумбиялық Александр Даниэль Хирон Чилита үшінші жүлдеге қол жеткізді.

U-17-қыздар нәтижесі мынадай: 1-орын – Аяна Исахан (Қазақстан), 2-орын – Балнұр Тілегенова (Қазақстан), 3-орын – Аяна Тұрғанаева (Қырғызстан) мен Александра Жаворонкова Амиго (Испания).

Тоғызқұмалақтан өткен әлемдік сайыстың қорытындысында жеңімпаздар мен жүлдегерлер тиісінше марапатқа, сый-сияпатқа ие болды. Жаһандық жарысқа қатысқан жас өрендер ғаламшарымызда жер көлемі жөнінен «тоғыздықты» (9-орын) толтырып тұрған, тоғызқұмалақты төрткүл дүниеге таратқан Қазақ еліне разы күйде аттанды.